



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев:

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ШЕШУ

Құрметті депутаттар!

Өткен аптада Парламенттің жаңа сессиясы ашылды.

Қызметтеріңізге табыс тілеймін! Алдыңғы сессия жемісті болды деп күмәнсіз айтуға болады. Елге қажетті көптеген заң қабылданды.

Халықтың көкейінде жүрген өзекті мәселелер көтерілді, жан-жақты талқыланды. Депутаттар жазғы демалыс кезінде аймақтарға барып, азаматтармен кездесті. Енді жұртшылық айтқан мәселелерді саралап, Үкіметпен бірге пысықтап, осы сессия барысында ескеру қажет.

Жалпы, Парламент депутаттары елімізде түбегейлі реформалар жасау жолында маңызды рөл атқарып келеді. Сіздерге зор ризашылығымды білдіремін.

Қымбатты отандастар!

Құрметті Парламент депутаттары және Үкімет мүшелері!

Қазір дүние жүзі жаңа тарихи дәуірге қадам басты.

Бұл дәуірдің барша адамзат үшін оңай болмайтыны анық. Алпауыт елдер мен халықаралық одақтар арасындағы қарама-қайшылықтардың ауқымы өсіп бара жатыр. Халықаралық қатынастағы шиеленістер мен озбырлықтың салдарынан қақтығыстар мен соғыстар белең алды. Кейбір мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатында әсіре ұлтшылдық күшейді.

Әлем экономикасында теңсіздіктер мен қайшылықтар ушыға түсті. Кейбір мемлекеттер экономикалық дамуда артта қалып, кейбір елдер жасанды интеллект саласында теңдессіз табысқа жетуде. Халықаралық құқықтың мән-маңызы кете бастады.

Ал Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің рөлі мен мәртебесіне сай қазіргі басты түйткілдерді шешуге қауқарсыз болуда.

Экологиялық және техногендік апаттардың кесірінен түрлі елдердің экономикасы орасан шығынға батуда.

Батыстағы этносаралық-дінаралық үйлесім мен мәдени әралуандық тұжырымдамасы дағдарысқа ұшырады. Жаһандық деструктивті күштер ұлттық мәдениеттер мен дәстүрлердің іргесін шайқауда.

Босқындардың саны көбейіп, көші-қон дағдарысы туындады. Адам саудасы, қару-жарақ пен есірткі саудасы да өршіп тұр.

Бұрын-соңды болмаған мүлде жаңа сын-қатерлер күллі адамзаттың қауіпсіздігіне нұқсан келтіруде. Тіпті жасанды интеллектіні пайдаланып, аса қауіпті қару жасайтындар пайда болды.

Геосаяси ахуалдың түбірімен өзгере бастағанын аңғартатын басқа да факторлар аз емес. Қысқаша айтсақ, әлемде жаңа геосаяси тәртіп орныға бастады.

Қазақстан – әлем қауымдастығының ажырамас бөлігі. Мемлекетіміз Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан.

Қазіргі заман бұлыңғыр, тұрақсыз болса да, біз бәріміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам бастық.

Менің негізгі мақсатым – осындай түрлі қатерге толы кезеңде еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету.



Өскелең ұрпақ бақытты, берекелі өмір сүруге тиіс. Сол үшін бәріміз бір ұлт болып, табанды еңбек етуіміз керек. Бұл – баршамызға ортақ өте маңызды жұмыс, аса жауапты азаматтық және ұлттық міндет.

Жұмысымыз қаншалықты күрделі болса да, біз міндетті түрде табысқа жетуіміз керек. Басқа жол жоқ. Себебі, бұл – еліміздің болашағы, халқымыздың тағдыры. Сондықтан барлық реформаны салмақты көзқараспен, мұқият, жан-жақты ойластырып, сапалы түрде жүзеге асыруымыз керек.

Баршаңызға мәлім, соңғы жылдары Қазақстанда ауқымды өзгерістер жасалды.

Еліміздің саяси жүйесі анағұрлым озық әрі ашық бола түсті. Азаматтарымыздың сана-сезімі, болмысы өзгеріп жатыр. Соның арқасында халқымыздың мемлекеттік институттарға, заңға және әділдік пен тәртіпке деген сенімі нығаюда.

Бірақ алдымызда ауқымды жұмыс бар. Қоғамды жаңғырту үшін әлі де көп шаруа атқаруымыз керек.

Қазір ел экономикасында реформалар жүргізіліп жатыр. Инфрақұрылымға және жаңа өндіріс орындарын ашуға қомақты инвестиция салынып жатыр. Мұның бәрі халықтың әл-ауқатын және еліміздің әлеуетін арттыру үшін жасалып жатқаны айдан анық.

Жасанды интеллектінің қарқынды дамуы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе, жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне әсер етіп жатыр.

Басқаша болуы мүмкін емес. Себебі бұл үрдіс бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіпті және адамдардың өмір сүру салтын біржола өзгертуде. Біз бұған дайын болып, батыл әрекет етуіміз керек. Өйтпесе артта қалудың салдары өте ауыр болады.

Сондықтан мен алдымызға өте маңызды стратегиялық мақсат қойдым. Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек.

Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет.

Ол үшін, ең алдымен, Цифрлық кодексті тезірек қабылдаған жөн.

Бұл заңда цифрландыру үдерісінің негізгі бағыттары, соның ішінде жасанды интеллект, платформалық экономика,

үлкен дерекқорларды пайдалану және басқа да мәселелер айқындалуға тиіс.

Жаңа технологиялық қалыптың ажырамас бөлігіне айналу үшін бүкіл мемлекеттік басқару жүйесін қайта құрып, оның азаматтар мүддесіне сай болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ашықтығы мен тиімділігін еселеп арттыру керек.

Сондықтан қазіргі құзырлы министрліктің негізінде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру қажет деп санаймын. Жаңа министрлікті Премьер-министрдің орынбасары деңгейіндегі маман басқаруы керек.

Үкімет экономиканың барлық саласын жаңғырту үшін жаппай жасанды интеллектіні енгізу қажет. Қазақстанды бәсекеге қабілетті ел ретінде дамытамыз десек, жұмысымызды жаңаша тәсілмен жүргізуіміз керек.

Осы орайда, алдымызда тұрған мынадай маңызды міндеттерге тоқталып өткім келеді.

Бірінші. Елімізге қомақты инвестиция тарту керек. Қазір дүние жүзінде инвестицияға талас күшейіп барады. Жаңа инвестициялық кезеңді бастауымыз қажет. Қазіргі инвестиция тарту саясаты мардымды деп айта алмаймын. Қаражаттың көбі шикізат салаларына құйылып жатыр. Жалпы, бұл жаман емес, осындай инвестициялар бізге қажет.

Бірақ қазір алдымызда тұрған міндет – басқа. Бұл – өңдеу саласына көбірек қаражат тарту. Сондықтан Үкімет инвестиция саясатына басқаша көзқараспен қарауы керек. Қажет болса, жоғары технологияларға салынатын инвестицияларға жеңілдік беруге болады. Сондай-ақ мемлекеттің инвестициясы мен жеке бизнестің ірі бастамаларына бірдей назар аудару қажет.

Ірі инвесторлармен қатар орта және шағын инвесторлармен тығыз байланыста жұмыс істеу керек. Қаражаттың қай бағытқа, қандай мақсатпен және қанша көлемде қажет екенін нақты білу қажет. «Инвестицияға тапсырыс» өндірістің сұранысына сай жасалуы керек.

Еліміздегі инвесторлармен қарым-қатынас жүйесі күрделі әрі бытыраңқы. Қағазбастылық көп, түрлі органдардың құзыреттері қайталанады. Ал қазіргі күрделі ахуал кезінде инвестиция тарту – кезек күттірмейтін мәселе, бізге жаңа ұстаным керек. Қалай болса да, инве-

стиция тарту бойынша барлық үйлестіру жұмысы тікелей Премьер-министрге жүктеледі. Жаңа министрлік құрудың қажеті жоқ.

Бірақ көзге оттай басылатын нәрсе: елімізде бірде-бір мекеменің атауында инвестиция деген сөз жоқ. Инвестиция тіпті, жетім бала сияқты үш-төрт мекемеге ортақ мәселе болып, өз жолын таппай жүр. Сондықтан Премьер-Министр он күн ішінде нақты ұсыныс беруге тиіс.

Бұдан бөлек, Үкіметке инвестиция тарту жүйесін түгел жаңғырту жөніндегі нақты іс-шаралар жоспарын мейлінше қысқа мерзім ішінде әзірлеуді тапсырамын.

Меніңше, Бас прокуратураның Заңсыз активтерді қайтару жөніндегі комитетінің атауын Инвесторлардың құқығын қорғау жөніндегі комитет деп өзгертетін кез келді.

Бас прокуратура заңсыз актив иелерімен өнімді жұмыс істегенін айта кету керек. Соның нәтижесінде қазынаға 850 миллиард теңгеге жуық қаржы қайтарылды.

Бұл қаражат он мектеп, төрт спорт ғимаратын салуға, 235 денсаулық сақтау нысаны мен 177 су инфрақұрылымы нысанының құрылысына және жөндеу жұмыстарына бөлінді.

Республикалық бюджетке тағы қосымша қаражат түспек.

Бұдан бөлек, инвесторларға ұсынылатын салық жеңілдіктерін мұқият ойластырып, байыппен қолданған жөн, ел экономикасы үшін маңызы, пайдасы бар жобаларға басымдық берілуге тиіс.

Жалпы, инвестициялық келісім жасау тәсілі өз тиімділігін көрсетті. Біз Ұлттық қордың тұрақты даму құралы ретіндегі рөлін қайта қарауымыз керек. Қорды қосымша инвестиция көзі ретінде қолдану үшін ел ішіндегі болашағы зор және нарықтағы әлеуеті жоғары болатын жобаларға қаржы бөлуге болады. Ең бастысы, қаражатты мұқият ойластырып жұмсау керек. Бұл іске, қажеті болса, сапалы сараптама жасай алатын халықаралық деңгейдегі басқарушылар мен инвесторларды тартуға болады.

Экономикамыздың жоғары технологиялық салаларына бір миллиард долларға дейін инвестиция тарту туралы бағдарлама әзірлеу қажет. Оны Үкімет Ұлттық банкпен бірлесіп дайындауға тиіс.

Жаңа инвестициялық кезеңді ойдағыдай бастау маңызды. Екінші дәрежелі банктер нақты секторға белсенді түрде қаржы салуы керек. Бұл мәселе қоғамда баяғыдан қызу талқыланып жатыр. Осы жұмысты көп созбай қолға алу қажет.

Қазақстандағы банктердің активтері мен қаражаты дамыған елдерге қарағанда орта есеппен бірнеше есе көп пайда әкеледі.

Себебі біздің банктер экономикаға несие бергеннен гөрі қаржылық тәуекелі төмен бағыттарға ақша салғанды жөн көреді. Осы мәселені депутаттар, сарапшылар үнемі көтеріп жүр.

Ұлттық банк пен Үкімет банктердің ақшасын экономикаға барынша тартудың тиімді тәсілдерін табуы қажет. Енді бұл мәселені созуға болмайды, шұғыл шешу қажет.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

(Жалғасы. Басы 1 бетте).

Банктер туралы заң қабылдау осы бағыттағы маңызды қадам болмақ. Бұл заңда экономиканың сұранысы мен технологиялық өзгерістер ескерілуі қажет.

Құжатта бәсекені күшейту, нарыққа жаңа қатысушыларды тарту, қаржы жүйесіндегі технологияларды ілгерілету және цифрлық активтер айналымын ырықтандыру мәселелері қамтылуы керек.

Үкімет Қаржы нарығын реттеу агенттігімен бірлесіп, заң жобасын жан-жақты пысықтауы қажет. Депутаттардан осы заңды жыл соңына дейін қабылдауды сұраймын.

Цифрлық активтердің толыққанды экосистемасын тезірек қалыптастырған жөн. Цифрлық теңгенің енгізілуі бұл жұмысқа септігін тигізіп жатыр. Қазіргі таңда жобаларды Ұлттық қор есебінен қаржыландыру кезінде цифрлық теңгені қолданып жүрміз. Енді оның қолдану аясын одан әрі кеңейту қажет. Цифрлық теңгені республикалық және жергілікті бюджетте, мемлекеттік холдингтердің бюджетінде пайдалануға болады.

Қазіргі заманның талабын ескере отырып, криптоактивтерге баса назар аудару керек.

Ұлттық банктің инвестициялық корпорациясы негізінде Цифрлық активтердің мемлекеттік қорын құрған жөн. Бұл құрылымда жаңа цифрлық қаржы жүйесіндегі болашағы зор активтерден құралған стратегиялық крипторезерв жинақталады.

Жаппай цифрландырудың, соның ішінде банк саласын цифрландыру ісінің пайдасы көп екені сөзсіз. Бірақ оның қауіп-қатері де аз емес. Соңғы жылдары онлайн-алаңды мемлекеттің және азаматтардың қаржылық қауіпсіздігіне үлкен нұқсан келтіріп жатыр. Сондықтан киберқылмыспен күресу үшін антифрод орталығы құрылды. Биометриялық анықтау жүйесі енгізілді. Банктердің, микроқаржы ұйымдары мен байланыс операторларының жауапкершілігі күшейді. Дегенмен бұл мәселеге үнемі жіті назар аудару қажет. Құзырлы органдардың жұмысын ұдайы жетілдіріп отырған жөн.

Киберқылмыстардың алдын алуға мүмкіндік беретін барынша интеллектуалды жүйе құру керек. Қажет болса, тиісті заңға және құқық қорғау органдарының қызметіне өзгерістер енгізген жөн.

Қарқынды өсіп келе жатқан көптеген мемлекетте даму көшінін басында жүретін қалалар инвестициялар мен технологияларды өзіне тартатын полюске айналған.

Алатау қаласы еліміздің жаңа іскерлік және инновациялық орталығы болуға тиіс.

Жалпыұлттық маңызы бар осы жобаны жүзеге асыру үшін арнайы жер бөлінді, бастапқы жоспарлау жұмысы аяқталды, инфрақұрылымның негізгі желілері қосылды.

Жақында Қытайға барған сапарымда әлемнің жетекші компанияларымен құны миллиардтаған қаржы тұратын келісімдер жасалды. Шэньчжэнь жаһандық технополисін салуға қатысқан сондай компанияның бірі енді Alatau City жобасын жүзеге асыруға тікелей атсалысады.

Келесі қадам – Alatau City-дің мықты институционалдық негіздерін қалыптастыру.

Қаланы ел Үкіметіне тікелей бағынатындай етіп, оған арнайы мәртебе беру туралы Жарлықты он күн ішінде әзірлеу керек.

Содан кейін жарты жылдан асырмай, жеке заң қабылдау қажет. Құжатта қаланы басқару режимі, оның қаржылық моделі және басқа да маңызды мәселелер қамтылуға тиіс.

Арнайы құқықтық мәртебе – қалаға берілетін артықшылық емес, жобаның қағаз жүзінде қалып қоймай, нақты іске асуына қажетті шара немесе құрал екенін айта кеткен жөн.

Alatau City аймақтағы толық цифрланған алғашқы қалаға айналуға

тиіс. Мұнда Smart City технологияларын қолданудан бастап тауарлар мен қызмет ақысын криптовалютамен төлеуге дейінгі жаңалықтың барлығы енгізілуі керек.

Бұл қала Қазақстанның келешектегі келбетін танытпақ. Онда технологиялық өрлеуге және өмір сүруге барынша қолайлы жағдай үйлесім табуы қажет.

Тағы бір мәселе. Өңірлерге инвестиция тарту барысында арнайы экономикалық аймақтар айрықша рөл атқарады.

Алайда олардың көбінің жұмысы мез емес. Бұл мәселе бойынша өңгімелер талай рет айтылды.

Үкімет арнайы экономикалық аймақтардың тиімділігін арттыру үшін терең сараптама жасап, түбегейлі шаралар қабылдауға дайын болуы керек. Арнайы экономикалық аймақтарды басқаруға жеке компанияларды, қажет болса, шетел компанияларын тартуға болады.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар аймақтардың экономикалық өсімін арттыратын қозғаушы күш болуға тиіс. Бірақ көбі коммуналдық мүліктерді басқарумен және аса маңызды емес жобаларды жүзеге асырумен шектеліп отыр. Олардың аймақ экономикасына әсері шамалы.

Үкімет осындай корпорацияларды толыққанды даму институтына айналдыруы керек.

Инвестиция тарту – орталық атқарушы органдардың ғана міндеті емес. Осы маңызды жұмысқа жергілікті билік те атсалысып, бәрі жұмыла жұмыс істеуге тиіс. Әкімдердің аймақтағы инвестициялық ахуалға тікелей жауапкершілігін белгілеу керек.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі аймақтардың инвестициялық тартымдылық индексын енгізуге тиіс. Мүмкін, бұл жұмысқа тәуелсіз сарапшыларды тартқан жөн болар.

Инвестицияға қолайлы ахуал қалыптастыруға тікелей әсер ететін ең басты мәселе – макроэкономикалық тұрақтылық.

Бірақ қазіргі басты мәселе: жоғары инфляция экономикалық көрсеткіштер мен халықтың табысын «жұтып қойып» жатыр.

Оның дайын тұрған шешімі жоқ, бұл – көптеген мемлекет бетпе-бет келіп отырған түйткіл. Мәселе бәріне ортақ болғанымен, ол біздің жағдайда айрықша сезіліп отыр.

Осы макроэкономикалық құрсаудан шығуымыз керек.

Қиындықтар күні кеше ғана пайда болған жоқ. Оны шешу үшін әлемдегі озық тәжірибелерді ескеріп, жұртқа ұнай бермейтін шаралар қабылдауға және оның жауапкершілігін көтеріп алуға дайын болу қажет.

Үкімет пен Ұлттық банк қазіргі қалыптасқан ахуалдың қиындығын ескере отырып, алдына қойған мемлекеттік ауқымдағы міндетті біртұтас команда ретінде атқаруы керек. Қазір әркім көрпені өзіне қарай тартатын кез емес.

ЕКІНШІ. Өңдеу өнеркәсібінің дамуына жаңа серпін беретін уақыт келді.

Бұл бағытта соңғы бес жылда бірқатар жетістік бар деп айтуға болады. Өңдеу өнеркәсібінің жалпы қосымша құны екі есе өсіп, 17 триллион теңгеге жуықтады. Ал оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі 12,4 пайызға жетті. Былтырдың өзінде 163 жаңа өндіріс іске қосылды. Соның нәтижесінде 12,5 мың тұрақты жұмыс орны пайда болды. Мысалы, Алматы, Қостанай, Қарағанды, Атырау облыстарында машина жасау және металлургия саласындағы ірі кәсіпорындар ашылды. Биыл Алматыда әртүрлі автокөліктер шығаратын Қазақстандағы ең үлкен өндіріс орны жұмысын бастады. Бірақ бұл, әрине, жеткіліксіз.

Экономиканы әртараптандыруды тың қарқынмен жалғастыру керек. Ішкі және сыртқы нарыққа бәсекеге қабілетті, терең өңделген өнім шығаруға басымдық берілуі тиіс. Қазір бұл жұмыс жүйесіз жүргізіліп жатыр. Қолдау шарасын ұстанымдары мен талаптары әртүрлі институттар жүзеге асырады. Мұндай ахуал

кәсіпкерлерді әбден шатастырады. Бұл саланы ретке келтіріп, үйлестіру жұмысын толығымен қолға алу керек.

Тау-кен металлургиясы қашанда Қазақстанның жаңа индустриалды қалыбының сенімді тірегі болып келеді. Оның ел экономикасындағы үлесі – 8 пайыз.

Бірақ саланың даму әлеуеті зор. Әсіресе, терең өңделетін өнімдерді шығаруға мол мүмкіндігі бар.

Жаһандық үдерістерге сәйкес, сирек кездесетін металдардың және айрықша қажет басқа да материалдардың маңызы арта түсті.

Бұл саладағы әлемдік өндірістер мен сауда-саттықтың жаңа желісінде өз орнын нықтап алуына Қазақстанның толық мүмкіндігі бар.

Біз алдағы үш жыл ішінде тау-кен саласында жоғары технологиялық өнім шығаратын кемінде үш кәсіпорынды іске қосуға тиіспіз.

Сондай-ақ Үкімет көмірсутегі шикізатын терең өңдейтін бірқатар озық жобаны жүзеге асыруы қажет.

Атырауда ірі газ-химия кешенінің құрылысы басталды. Павлодарда сұйытылған газды терең өңдеуге арналған жоба қолға алынды. Осы кәсіпорындардың дер кезінде іске қосылуын қамтамасыз ету керек.

Ілеспе газ бен сұйытылған мұнай газын қажетке жарату мәселесін түбегейлі қайта қараған жөн. Оны толыққанды экономикалық ресурсқа айналдыру қажет. Инвесторлар жобаларды жүзеге асырған кезде газ шикізатынан тапшылық көріп отыр. Сондықтан бұл мәселені де шешу жолдарын табуымыз керек, инвесторларды ұзақ уақыт газбен қамтамасыз етуге нақты кепілдік беретін жаңа тәсілдер ойластырған жөн.

Жобаның бәрін дер кезінде іске асырып, экономиканы цифрлық тұрғыдан жаңғырту үшін электр энергиясы жеткілікті көлемде болуы қажет. Қазір біз қуат көздерін жан-жақты жаңғыртып жатырмыз. Шетел инвесторларының қатысуымен ауқымды жобалар жүзеге асуда. Мысалы, алдағы бес жылда қуаты 6,3 гигаватт болатын «жасыл» энергия нысандарын іске қосу жоспарланған. Бұл қадам еліміздегі жасыл энергияның үлесін едәуір арттырады.

Бірақ Қазақстанның түпкі мақсаты – қуат көздерін өзгерту емес. Бұл – ең алдымен еліміздің энергия жүйесінің нақты мүмкіндігі мен мемлекетіміздің ұзақмерзімді мүдделеріне негізделген тұрақты даму жолы.

Осы орайда, ядролық энергетиканы дамытуға бет бұруымыздың мән-маңызы айрықша.

Бір ай бұрын Алматы облысында Қазақстандағы алғашқы атом электр станциясына қатысты жоба «Росатоммен» бірге жүзеге асырыла бастады.

Бірақ экономиканы тұрақты дамыту үшін бұл жеткіліксіз. Екінші, тіпті үшінші атом электр станциясының құрылысын қазірден бастап жоспарлай беруіміз керек.

Жақында Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинмен өткен кездесуде елдеріміздің атом саласындағы стратегиялық серіктестігі туралы уағдаластыққа қол жеткіздік.

Қазақстан әлемдік компаниялардың бәрімен өзара тиімді байланыс жасауға дайын. Бұл ұстаным еліміздің энергетикалық дербестігін қамтамасыз ету жөніндегі мақсатына сай келеді.

Қазақстанның сапалы көмір қоры орасан. Сондықтан оның табиғатты ластанмайтынына кепілдік беретін озық технологияларды қолдана отырып, көмір энергетикасын дамытуға ерекше назар аудару қажет. Өзіміздің табиғи артықшылықтарымызды ел игілігіне дұрыс пайдалана білу керек.

Тағы бір маңызды міндет – геологиялық барлау жұмыстарын күшейту. Елімізде ауқымды аэро-геофизика зерттеулері әбден ескірген.

Цифрлық құралдарды пайдалана от-

ырып, жер қойнауының заманауи картасын жасайтын уақыт келді. Мұндай қадам кен орындарының әлеуетін жаңа сапалық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Бұл жұмысқа да халықаралық сарапшыларды тартуға болады. Әрине, ғылыми негізі болмаса, барлау жұмысын ойдағыдай жүргізу мүмкін емес.

Келесі жылдың ортасына дейін озық халықаралық стандарттарға сай сертификатты бар зертхана ашу керек. Оны Ұлттық геологиялық қызметтің базасында құрған жөн.

Жер қойнауына қатысты мәліметтің бәрін, ең алдымен, жасанды интеллектіні енгізу арқылы жүйелеп, цифрландыру қажет.

Геологиялық барлау және жер қойнауын игеру саласындағы реформалардың заң жүзіндегі және іс жүзіндегі рәсімдерін жыл соңына дейін аяқтау керек.

ҮШІНШІ. Ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру қажет. Бұл салаға тың серпін беру үшін мемлекет соңғы жылдары реформа жүргізіп жатыр. Қомақты қаражат бөлінуде, биыл шаруаларды қолдауға бір триллион теңге жұмсалды. Қажетті несиелер уақытында берілді. Мұндай ауқымды қолдау елімізде бұрын-соңды болмаған.

Бірақ агроөнеркәсіптің орасан зор әлеуетін толық ашуға бұл шаралардың әзірге жеткіліксіз екені анық. Мәселе – қаражаттың көлемінде емес, ең бастысы, оны тиімді пайдалану қажет. Озық агроэкономикаға көшу үшін Үкіметтің нақты жоспары болуы керек. Қазір ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдейтін бірқатар ірі жоба жүзеге асырылып жатыр. Оған отандық және шетелдік инвесторлар қатысуда. Инвестицияның жалпы көлемі 2 миллиард доллардан асады. Үш мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Өнімдер өлемнің көптеген еліне тасымалданады. Мұндай жобалардың ауқымын кеңейту қажет. Әр аймақта дайын өнімді өндірістен дүкен сөресіне дейін жеткізетін әрбір өңірдің ерекшелігіне қарай біртұтас желі қалыптасуы керек.

Көптеген аймақта өндірістің барлық са-тысын қамтитын үздік агрокәсіпорындар бар. Олардың жұртшылық жақсы біледі. Бұл кәсіпорындар цифрландыру тәсілдерін жаппай енгізу арқылы өндірістің тиімділігін өлдеқайда арттыруда.

Үздік агрокәсіпорындар ауыл шаруашылығы өнімін шығарудан бастап оны терең өңдеуге дейін тұтас өндірісті толығымен жолға қойып, зор табысқа жетіп отыр. Сондықтан осындай агрохолдингтердің тәжірибесін тарату үшін барынша жағдай жасаған жөн. Бұл – құзырлы министрліктің және қоғамдық ұйымдардың міндеті. Мұндай қадам инновациялар мен ғылыми жаңалықтарды ауыл шаруашылығында кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда ең өзекті міндеттің бірі, бұл – агрохабтар және логистика орталықтарын дамыту. Атап айтқанда, шетел инвесторларымен серіктестікті нығайту керек. Бірақ бұл жерде бір нәрсені ескеру қажет: отандық кәсіпкерлер қазіргі заман талабын дұрыс түсінбесе, яғни жасанды интеллектіні қалайша тиімді пайдалануға болатынын білмесе, табысты бизнес серіктестігін құра алмайтыны анық.

Министрлік мал шаруашылығы саласындағы агробизнесі қолдау жоспарын әзірлеп, нақты қаржыландыру шараларын бастауы керек. Басты мақсат – ішкі нарықты етпен толық қамтамасыз ету. Сонымен қатар осы саланың экспорттық әлеуетін күшейту.

Елдегі азық-түлік нарығының импортқа тәуелділігін барынша азайту – Үкіметтің стратегиялық міндеті. Әрине, өзімізді өзіміз жүз пайыз қамтамасыз етуіміз мүмкін емес, бәлкім, оның қажеті де жоқ шығар. Бірақ нарықтағы қазіргі жағдайды айтудың өзі ұят. Бұған қоса, дәстүрлі ұлттық өнімдерімізді сыртқы нарыққа белсенді түрде таныту керек.

Сондықтан аграрлық экспорттың стан-

ЖӘНЕ ОНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ШЕШУ

нақты жоспарын әзірлеу қажет. Онда логистика, ветеринарлық және фитосанитарлық стандарттар мен ұтымды маркетинг стратегиясы ескерілуге тиіс.

Бұл – Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғана емес, бірқатар мемлекеттік органның ортақ міндеті. Сондықтан іс-әрекеттерді Үкімет басшылығы деңгейінде үйлестіріп отыру керек.

Үкімет Еуразия аумағындағы сауда-саттықтың әділ жағдайда жасалуын нақты дәлелмен талап етуге міндетті. Ал депутаттар заңнамалық бастамалар арқылы отандық өнім өндірушілердің құқықтарын қорғауға тиіс.

Еуразия экономика одағына мүше басқа мемлекеттердің кәсіпорындарымен салыстырғанда, біздің кәсіпкерлеріміздің қажетті мөлшерде мемлекеттік қолдауға ие болмай отырғаны анықталды. Сол себепті олар тиімсіз жағдайларға тап болып, ішкі нарықтың өзінде бәсекелестеріне есе жіберіп жатыр. Бұл жерде сүт өндірушілер туралы сөз болып отыр.

Жер – стратегиялық ресурс. Оның бар игілігі елді дамытып, халықтың тұрмысын жақсартуға арналуы керек.

Мен игерілмей бос жатқан және заңсыз алынған ауыл шаруашылығы жерлерін кері қайтарып, оны қайта бөлу туралы тапсырма бердім. Жер иесіз қалмауға тиіс, жерді тек қана оның қадірін білетін азаматтарға беру керек.

2022 жылдан бері жалпы аумағы 13,5 миллион гектардан астам жер қайтарылды. Бірақ әкімдер соның 6 миллион гектарын ғана жаңа жер игерушілерге бөліп берген. Иесін тапқан жер өндірістің ошағына, инвестиция көзіне, қайнаған еңбектің ортасына айналуы қажет. Бұл – анық нәрсе.

Сондықтан әкімдер қайтарылған жердің бәрін келесі жылдың ортасына дейін тұрақты айналымға енгізуі керек. Бұл шара арқылы жайылым тапшылығы мәселесі де шешілуге тиіс.

Жалпы, жер қатынастарына қатысты заңсыздық пен қағазбастылықты жою қажет. Сол үшін ауыл шаруашылығы жерлерін беру тәсілдерін түбегейлі өзгерту керек. Осыған орай, жерді бөлуге қатысты шешім цифрлық форматта, электронды конкурстар арқылы қабылдануға тиіс. Үкімет жыл соңына дейін заңнамаға тиісті өзгертулер ұсынуы қажет.

Бұл салада цифрлық технологияларды кеңінен қолдану айрықша маңызды. Қазірдің өзінде космомониторинг және геоталдау жүйесі пайдаланылмай жатқан жерлерді анықтап, оның бәрін қайтаруға септігін тигізіп жатыр. Жұмысты жалғастыру қажет.

Жасанды интеллектіні қолданып, ауыл шаруашылығы жерлеріне спутникпен мониторинг жасаудың тиімділігін арттыру керек. Соның негізінде жердің сапасына, егіннің шығымына, дөңді-дақылдардың жай-күйіне және қай жерге қандай дақыл егілгеніне терең талдау жасалуға тиіс.

Бұл – орман шаруашылығына да қатысты мәселе. Жақында Солтүстік Қазақстан облысында 9 мың гектар орманның иесіз жатқаны анықталды.

Бұдан бөлек, жер ресурстарының бірыңғай цифрлық картасын әзірлеу керек. Оған кадастрлық мәліметтерді, инфрақұрылымға және жер қойнауын пайдалануға қатысты ақпаратты кіріктіру қажет.

Қолданбалы ауыл шаруашылығы ғылымын жедел өркендетпейінше, агроөнеркәсіп кешенін ұзақ уақыт бойы қарқынды дамыту мүмкін емес.

Бірақ бюджеттен қомақты қаржы бөлініп жатқанына қарамастан, аграрлық ғылымның қайтарымы әлі де төмен болып отыр.

Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру деңгейі 17 пайыздан аспайды. Ал тиісті оқу орындарын бітірген түлектердің 40 пайызы ғана осы салаға жұмыс істеуге барады. Агроғылым мен «жердегі тіршіліктің» арасында алшақтық

бар.

Мен бұған дейін Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығын агротехнология хабы ретінде қайта құру туралы тапсырма бердім.

Ауыл шаруашылығы ғылымын дамытудың нақты жоспары қажет. Бұл құжат цифрлық технологияларды қолдануға және осы саланың өнімділігін едәуір арттыруға арналған жоспар болуға тиіс.

Ветеринария мен фитопатологияның кенжелеп қалуы агроөнеркәсіп кешенінің бәсекеге қабілетін айтарлықтай шектеп отыр. Осы мәселеге айрықша назар аударған жөн.

ТӨРТІНШІ. Көлік-логистиканы одан әрі дамыту керек.

Еліміз Еуропа мен Азияның арасын жалғап тұрған аса маңызды көпір болып саналатыны кеңінен белгілі. Былтыр біздің территориямыз арқылы жүк тасымалдау көлемі 1 миллиард тоннадан асты.

Сонымен бірге еліміздің транзиттік әлеуетін арттыруға әлі де зор мүмкіндік бар. «Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәлізі Парсы шығанағы мен Оңтүстік Азия елдерінің нарығына тікелей жол ашады. Ал «Шығыс – Батыс» дәлізі мен Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» жаһандық бастамасы Қазақстанның Еуразиядағы негізгі құрлық жолы ретіндегі рөлін күшейте түседі.

Сондай-ақ біз үшін Транскаспий көлік бағытын дамытудың маңызы арта бастады. Бұл бағыттардың бәрі біртұтас жүйе сияқты жұмыс істеп, елімізге едәуір табыс әкелуі керек. Сондай-ақ инфрақұрылымды жақсартуға жаңа инвестиция тарту қажет, сапалы жұмыс орындарын ашуға ықпал етуге тиіс. Осы орайда, цифрлық тәсілдерді ауқымды түрде қолданған абзал. Онсыз ешқандай тиімділік болмайды.

Өңірлердің көлік байланысына қатысты мәселемен мықтап айналысу керек. Бұл жөнінде қазір көп айтылып жүр, соның ішінде халықаралық форумдарда да талқылануда.

Ірі транзиттік аймақ саналатын Қазақстан үшін бұл бағыт айрықша маңызды.

Біз таяуда Вьетнамға Қытайдың Ляньюньган порты арқылы бидайдың алғашқы легін жөнелттік. Ауғанстанда Пәкістан нарығына шығуға мүмкіндік беретін «Тургунди – Герат» темір жолын салу жоспарда бар.

Алайда жаңа көлік бағыттарына және жаңа нарықтарға жол ашатын мүмкіндіктер мұнымен шектелмейді. Алда атқарар шаруа көп.

Жалпы, әлемде транзит үшін бәсеке күшейіп бара жатыр. Басқа да арзан балама бағыттар мен жолдар ұсынылуда.

Транзиттік тасымалдың көлемін арттырамыз десек, біз алдын ала әрекет етіп, әрдайым бір қадам алда болуымыз керек.

Тағы да қайталап айтарым, инфрақұрылымды жаңғырту ісін одан әрі жалғастырып, осы саладағы озық ел болу үшін цифрландыру мен жасанды интеллектіні кең ауқымда пайдаланған жөн.

Биыл ұзындығы 836 шақырым болатын «Достық – Мойынты» темір жолының екінші желісі іске қосылады. Жобаны өз күшімізбен өте қысқа мерзім ішінде жүзеге асырдық. Бұл жолдың мән-маңызы ерекше, себебі «Шығыс – Батыс» бағытының жүк өткізу мүмкіндігін айтарлықтай арттырады. Бірақ мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Үкімет «Бақты-Аягөз», «Қызылжар-Мойынты» жобаларын уақтылы жүзеге асыруға тиіс. Себебі аталған жобалар еліміздегі теміржол жүйесінің толық қаңқасын қалыптастырады.

Сондай-ақ негізгі дәліздер аясында автомобиль жолдарын дамытуға баса мән берген жөн. Қазір елімізде 13 мың шақырым автокөлік жолдары салынып, жөнделіп жатыр. Жол салған кезде транзиттік дәліздердің мән-маңызына баса көңіл аударған жөн. «Сексеуіл-

Бейнеу» жолының құрылысын тездету керек. Осы жолдың арқасында Қазақстан аумағы арқылы Қытайдан Еуропаға жүк тасымалдау мерзімінің үштен бірі қысқарады.

Сонымен қатар көлік жүйесін басқарудың жаңа үлгісін жасаған жөн. Себебі мемлекет инвестициясының экономикалық қайтарымы айқын болуы тиіс. Контейнермен жүк тасымалдау ісіне тың серпін беру керек.

Әлемде құрлық арқылы тасымалданып жүртің 16 пайыздан астамы контейнермен жіберіледі. Бірақ елімізде оның үлесі әлі де төмен – небәрі 7 пайызға жуық.

Үкімет контейнермен жүк тасымалдау ісін жандандыруға арналған арнайы бағдарлама қабылдауы қажет. Онда мультимодальді бағыттарды дамытатын пәрменді шаралар да қарастырылуға тиіс.

Ішкі тасымалдың көлемін және бәсекеге қабілетін арттыру үшін көлік саласындағы тариф саясатының тиімді әрі түсінікті болуы айрықша маңызды рөл атқарады.

Қазіргі тариф қалыптастыру жүйесінде бірізділік жоқ, ол нарыққа икемделмеген.

Үкімет жыл соңына дейін көліктің барлық түрін ескере отырып, бәсекеге қабілетті тариф саясатын әзірлеуге тиіс.

Жүк тасымалдаушылар рәсімдердің көп уақыт алатынын айтып, жиі шағымданады. Олар әр қызметті түрлі цифрлық жүйе арқылы рәсімдеуге мәжбүр. Тіпті бұрынғыдай қағаз толтырып, әуре-сарсаңға түсіп жатады. Кейбір шекара және кеден бекетінде сапалы интернет жоқ. Бұл да жұрттың наразылығын туғызады. Осындай келеңсіз жағдайларды тез арада түзетуіміз қажет.

Сонымен қатар жасанды интеллектіні қолдана отырып, тасымалды басқарудың кешенді, көпбейінді цифрлық платформа-сын енгізу керек. Бұл жұмысты тездетіп аяқтау қажет.

Қазан айының соңына дейін кеден және логистика қызметін көрсететін Smart Cargo бірыңғай цифрлық жүйесін іске қосқан жөн. Бұл жүйе инфрақұрылымды жеке компанияларға автоматты түрде бірдей қолжетімді етеді.

Шекарадағы өткізу бекеттері жаңғыртылып жатыр. Биыл 8 бекет толығымен іске қосылады. Алдағы 3 жылда тағы 34 бекет жаңарады. Бұл – өте ауқымды шаруа. Себебі кейбір бекеттердің сапасы сын көтермейді, қазіргі заманның талабына сай келмейді, еліміздің беделіне нұқсан келтіреді.

Автокөлікпен жүк тасымалдауға арналған шекара маңындағы қызмет сапасын жақсартуды Үкімет пен әкімдіктерге тапсырамын. Еліміздің бүкіл аумағында кедергісіз тасымалдау жүйесін қалыптастыру – өте маңызды міндет. Транзиттік жүктердің «жасыл дәліз» қағидасымен еш тосқауылсыз өтуіне барынша жағдай жасау қажет.

Жұрттың вагондардың жай-күйіне көңілі толмайды.

Астанада вагон құрастыратын зауыт іске қосылды. Бұл осы саладағы өзекті мәселелерді шешу үшін жасалған маңызды қадам болды. Озықхалықаралық стандартқа сай жабдықталған заманауи жолаушылар вагонын жасау шетел инвесторының қатысуымен қолға алынады.

Соңғы жылдары авиация инфрақұрылымын жаңғырту үшін көп жұмыс істелді. Былтыр Алматы, Шымкент, Қызылорда қалаларында жаңа терминалдар ашылды. Жақында Зайсанда, Катонқарағай және Кендірліде әуежай құрылысы аяқталады. Арқалық әуежайы қалпына келтіріліп жатыр.

Бұл жобалар аймақтардың экономикалық белсенділігін арттыруға ықпал етеді, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді, сондай-ақ басқа да бірқатар саланың дамуына серпін береді. Сондықтан бұл жұмыс өз жалғасын табады.

Жалпы, Торғай аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуы Үкіметтің айрықша

назарында болуы керек.

Тағы бір маңызды мәселе – әуемен жүк тасымалдау ісіне айрықша назар аудару қажет. Бұл саладағы ахуал жақсарып келе жатыр. Дегенмен оның көлемін арттыра түсуге мол мүмкіндігіміз бар.

Мен бұған дейін әуемен тасымалданып жүк көлемін екі есе ұлғайту жөнінде тапсырма бердім. Бұған бірінші кезекте, шетелдің ірі инвесторларын тарта отырып Ұлттық жүк тасымалдаушы компания құру арқылы қол жеткізуге болады.

Электронды сауда-саттық пен озық технологиялық өнімдердің саудасы қызып тұрған қазіргі кезде әуемен жүк жеткізу аса жоғары сұранысқа ие әрі табысы көп тасымал түрі саналады. Сондықтан біз әуе хабтарын белсенді түрде дамытып, олардың жаһандық логистика тізбегіне кірігуін қамтамасыз етуге тиіспіз.

Сонымен қатар экспресс-жүк тасымалдау саласын ретке келтіру қажет. Бұл қадам тұтынушылардың мүддесін қорғау үшін керек.

Қазір бүкіл әлемде пилотсыз жүк тасымалдайтын арнайы автокөліктер мен дрондар сияқты көлік түрлері дамып жатыр. Үкімет осындай технологиялардың тез арада қолданысқа енгізілуіне барынша жағдай жасауы қажет. Соның ішінде тиісті құқықтық актілер қабылдауы керек.

Жалпы, мен бұған дейін бірнеше рет айттым: Қазақстан Еуразиядағы көлік хабы болуға тиіс. Бұл – стратегиялық маңызы зор міндет.

Бұл жұмысқа осы салада табысқа жеткен үздік мамандар мен кәсіпкерлерді тарту керек. Бірақ негізгі жауапкершілік – Үкіметте.

Тапсырманың орындалу барысын жылдың басында Үкіметтің жылдық есебінен кейін арнайы жиналыста қараймыз.

Тағы бір маңызды мәселе, бұл – туризм. Жалпы, бұл салада біраз түйткілді мәселе бар. Шынын айту керек, кәсіби кадрлар тапшы. Осы саладағы бәсекеге қабілетіміз әлі де шамалы.

Мен шілде айында туристік жерлердің барлығын ретке келтіру туралы тапсырма бердім. Бұл жұмыс менің жеке бақылауымда. Жұрт жиі баратын демалыс орындарынан бөлек, болашағы зор басқа да бағыттардың әлеуетін арттыру маңызды. Міндеттердің ара-жігін ажыратып алған жөн. Жергілікті атқарушы органдар әрдайым туризм инфрақұрылымын жан-жақты дамытуға баса мән беріп, осы жұмысқа жауапты болады.

Ал шетелден туристер тарту мәселесі және отандық туризм саясатын заң тұрғысынан қамтамасыз ету орталық органдардың назарында болады. Осы орайда, Алматы қаласы мен Алматы облысындағы тау туризмі мен тау шаңғысы туризміне арнайы тоқталғым келеді.

Қазіргі таңда бұл бағыттағы ең өзекті мәселе – заманауи инфрақұрылым салу. Егер осы міндетті ойдағыдай орындасақ, еліміздің курорттары жер жүзіне танылып, Қазақстанның бетке ұстар ұлттық бренді болмақ.

БЕСІНШІ. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен су инфрақұрылымын жаңғырту – тұрақты дамудың негізгі факторы.

Үкімет пен жергілікті атқарушы биліктің әрекетсіздігі салдарынан еліміздің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы ондаған жыл бойы қараусыз қалып, бірте-бірте оның жай-күйі өте мүшкіл жағдайға түсті.

Қазір бұл ахуалды өзгертіп, инфрақұрылымның тозу деңгейін төмендету үшін тиісті шаралар қабылданып жатыр. Соның ішінде тарифтерді ырықтандыру, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының инфрақұрылымын басқарудың жаңа моделін қалыптастыру сияқты шаралар бар.

Мұндай үлгі бойынша тарифтер өскен сайын халыққа сенімді әрі сапалы қызмет көрсетілуге тиіс.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

(Жалғасы. Басы 1,2,3 беттерде)

Бұл іске «Ақылды қала» құру тұжырымдамасының көмегі тиері сөзсіз, оны еліміздің барлық өңіріне тарату керек.

Оған озық халықаралық тәжірибелерді қолданып, білікті басшыларды, соның ішінде шетел мамандарын тарту қажет.

Қазіргі жағдайда мемлекет пен бизнес серіктестік орнатпаса, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мүмкін емес. Бұл – аксиома.

Кейбір тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы нысандарын әкімдіктердің қарамағында сақтап қалу қажет пе, жоқ па деген мәселені жаңаша зерделеген жөн.

Жеке коммуналдық нысандарды мемлекет меншігіне алу – даулы мәселе. Оның бәрі ерте ме, кеш пе, қайтадан жекеге өтеді.

Сондықтан мемлекет бұл саланы бақылап, реттеумен айналысуға тиіс. Ал оның инфрақұрылымын жаңғырту және жаңа технологияларды енгізу – жеке сектордың шаруасы.

Білік құрылымдары негізінен цифрлық тәсілдерді қолдана отырып, инфрақұрылым жобаларының ашықтығын қамтамасыз етуге міндетті. Сонда Үкіметке және әкімдіктерге азаматтардың сенімі нығая түседі.

Коммуналдық шаруашылықты жаңғырту ісі инфрақұрылымдар мен тұрғын-үй қорын энергияны үнемдеуге көшіру шараларымен қатар жүруге тиіс.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласын үнемшіл болуға ынталандыратын жаңа экологиялық және санитарлық-гигиеналық ережелер енгізу керек. Табиғи ресурстарды, әсіресе, суды үнемдеу мәдениетіне келсек, ол жағынан үлкен кемшілік бар екенін мойындауымыз қажет. Яғни атқарылатын жұмыс шаш етекпен.

Бұл – азаматтардың, әсіресе жастардың арасындағы түсіндіру шараларының, тіпті идеология жұмысының жеке бір бағыты.

Біз қазірдің өзінде судың тапшылығын сезініп отырмыз. Ал оны тұтыну мәдениеті төмен. Су мәселесіне кейінірек тоқталамын.

Соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан тұрғын үй құрылысы саласына айрықша назар аударған жөн.

Быттыр 19 миллион шаршы метр ба-спана пайдалануға берілді.

Сонымен бірге құрылыс сапа-сын арттыру үшін жасанды интеллект технологияларының (Building Information Modeling, BIM) көмегімен ғимараттарды ақпараттық модельдеу әдісін кеңінен қолдану керек.

Үкімет құрылыстың барлық кезеңдерін толық есепке алуды, жоспарлауды, оған мониторинг жүргізуді қамтамасыз ететін ұлттық цифрлық платформаны іске қосу қажет.

Ал жаңа Құрылыс кодексі осы саланың қауіпсіз әрі ашық болуына және тұрақты дамуына жол ашатын берік заңнамалық негізге айналуға тиіс.

Құжатты жыл соңына дейін қабылдау керек. Депутаттардың бұл жұмысқа атса-лысуын сұраймын.

Су мәселесін шешу – әлеуметтік тұрақтылықты сақтап, экономика-ны дамытудың кепілі. Бұл – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін басты фактордың бірі.

Біз соңғы екі жылда осы саланың институционалдық негізін қалыптастырдық.

Атап айтқанда, Су кодексі қабылданды, арнайы министрлік құрылды.

Бұл мекеменің алдында ауқымды міндеттер тұр. Оған үстіртін қарамау керек. Осы жұмыспен жүйелі түрде және жан-жақты айналысу қажет.

Осыған орай кәсіби кадрларды дайын-дау керек, су дипломатиясымен айналы-сатын мамандарды әзірлеу қажет.

Қазір құзырлы органдарда еліміздегі су ресурстарының қолжетімді көлемі ту-ралы нақты мәлімет жоқ.

Кейбір каналдағы судың 50-60 пайызы

далаға кетуде.

Суды есепке алу технологиясы әбден ескірген. Суды бөліп тарататын орындар-да қазіргі заманға сай құрылғылар жоқ.

Шын мәнінде, су – стратегиялық маңызы бар ресурс, сусыз өмір жоқ. Сондықтан бұл сала ұлттық цифрлық жаңғыру жұмысындағы басты бағыттың бірі болуға тиіс.

Су ресурстарының бірыңғай цифрлық платформасын жасау керек.

Платформада жасанды интеллект негізінде жерүсті және жерасты сулары туралы мәлімет жинақталады.

Жоба іске қосылғанда гидрогеология мониторингі, яғни бақылау жұмысына қатысты мәселе толық шешімін табады.

Осы жұмыс Ұлттық су теңгерімін (баланс) қалыптастыру ісімен қатар жүргізілуге тиіс. Бұл – ұзақ мерзімге арналған су саясатын жоспарлаудың аса маңызды тәсілі.

Онсыз бұл салаға тиісті бақылау орна-тып, инвестиция тарту мүмкін емес.

Су үнемдейтін технологияны енгізу жұмысы баяу жүруде, нақты нәтиже әлі жоқ.

Бұл жұмысқа белгілі шетелдік ком-панияларды тартқан жөн. Сондай-ақ Қытайда жасалған әлемдегі ең озық тех-нологияларды сатып алуға болады.

Су тапшылығына байланысты қиындық болуы мүмкін екені алдын ала ескертіліп жатады. Соған қарамастан диқандар суды көп қажет ететін дақыл егуді азайтар емес. Тіпті егін суаруға қажетті суды еш рұқсатсыз, шартсыз бұрып алатын жайттар жиі кездеседі.

Тағы бір келеңсіз жағдай, бұл – «қара нарықтағы» суды заңсыз сату я сатып алу. Құқық қорғау мекемелері бұл мәселемен айналысуы қажет.

Алайда Аралға қатысты жақсы мысал бар. Әрине, теңіздің тартылуы Қазақстан үшін үлкен қасірет болды. Бірақ одан қорытынды жасалып, теңізді қалпына келтіру үшін жүйелі жұмыс жүргізіліп жа-тыр.

Бұл кешенді жұмыс 20 жылдан астам уақыт бойы үздіксіз жалғасуда. Соның арқасында Солтүстік Аралды сақтап қалдық. Оның айдыны 36 пайызға ұлғайып, су көлемі екі есе өсті. Су құрамындағы тұздың мөлшері екі есе азайды. Бірақ Аралды толтыру жұмыстары қарқынды жалғаса беруге тиіс.

Каспий теңізінің тартылып бара жатқаны жұртты алаңдатып отыр. Тиісті шара қолданбасақ, бұл аса үлкен экологиялық апатқа айналуы мүмкін. Сол себепті мен жақында Қытайда өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымының кеңейтілген отырысында осы маңызды мәселеге арнайы тоқталдым, Ұйым ая-сында Су мәселелері жөніндегі орталық құру туралы ұсыныс айттым.

Каспий теңізі – бір елдің ғана емес, бүкіл аймақтың тағдырына қатысы бар мәселе. Сондықтан жұмылып әрекет ету қажет.

Үкімет Каспийдің су ресурста-рын сақтау туралы мемлекетаралық бағдарлама әзірлеуді қолға алуы керек. Оны серіктес мемлекеттермен келісу қажет.

Бүгін біз су мәселесі бойынша дұрыс және орынды шешім табатын болсақ, ертең соның игілігін кейінгі ұрпақ көретін болады. Балаларымыз бен немерелеріміздің тағдыры біздің әрекетімізге тікелей байланысты болмақ.

Қоршаған ортаға жанашыр болу, оған үлкен жауапкершілікпен және шынайы қамқорлықпен қарау ұлттық идеологияның өзегі болуы керек.

Быттырдан бері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы жүзеге асырылып жатыр, бұл баршаңызға аян. Осы жұмысқа миллиондаған азаматымыз атсалысуда.

Жұрт болып жұмылудың арқасында 860 мың гектардан астам аумақ тазаланды, төрт миллионнан астам ағаш отырғызылды. Осындай белсенді жұмысты жалғастыра берсек, аңсаған арманымызға жетіп, Қазақстан нағыз жа-сыл ел болмақ. Ал бұл келешек ұрпаққа

керемет үлгі-өнеге және өсиет болып қалары анық.

Осы жұмысқа атсалысып жүрген азаматтарға, әсіресе, жастарға ризашылығымды білдіремін.

Тазалық мәдениетін қоғамда терең орнықтыру – өте маңызды міндет. Осы бағытта Үкімет экологиялық ағарту ісінің бірыңғай үлгісін енгізуге тиіс. Бұл жұмыс мектептен бастап жоғары оқу орын-дарына дейін барлық деңгейдегі білім мекемелерін қамтуы қажет.

АЛТЫНШЫ. Кәсіпкерлер елімізді цифрлық дамытудың қозғаушы күші болуға тиіс.

Шағын және орта бизнестің ішкі жалпы өнімдегі үлесі 40 пайызға, ал жұмыспен қамту ісіндегі үлесі 50 пайызға жуықтады. Бұл – жаман көрсеткіш емес. Бірақ осы саланы жүйелі түрде жетілдіре түспесе, экономиканы дамыту және тұрмыс сапа-сын жақсартуға тың серпін бере алмай-мыз.

Екі миллионнан астам шағын биз-нес субъектісінің ішінде өнім өндіретін кәсіпкерлер саны алты пайызға да жетпейтіні жасырын емес. Орта бизнесте бұл көрсеткіш жоғарырақ болғанымен, бәрібір көңіл көншітпейді.

Быттыр мен «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар тура-лы» Жарлыққа қол қойдым. Бұл құжат бизнестің мүддесін ескере отырып, ба-рынша ашық реттеу үлгісіне көшуге негіз болды. Бірақ Жарлық толық орындалмай отыр.

Іскер азаматтардың әлеуетін толық ашу мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Сондықтан тиісті құқықтық базаны жаңғырту керек.

Қазір елімізде 21 кодекс, 300-ден астам заң бар. Оларға тым көп түзету енгізілген. Кейбір нормалар бір-біріне қайшы келіп жатады. Түптеп келгенде, осының бәрі бизнестің дамуына кедергі келтіріп отыр.

Заңнаманы түгел тексеріп, зерделеп шыққан жөн.

Жасанды интеллект технологиясы мұны жылдам әрі тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Стратегиялық жоспарлау және рефор-малар агенттігінің жанынан Интеллект арқылы реттеу орталығы құрылады. Бұл орталық заңнаманы ретке келтірумен, түсінікті әрі тиімді ұсыныстар әзірлеумен айналысады.

Заңды күрделендіре бермеу керек. Қайта оны кәсіпкерлердің қажетіне қарай бейімдеп, министрлер мен әкімдердің нақты нәтиже үшін жеке жауапкершілігін күшейткен жөн.

Мемлекеттік органдар бизнес өкілдеріне ескерту жасаудың орнына әлі күнге дейін тым қатаң әкімшілік шешімдер қабылдайды деген мәлімет маған да жетіп жатады. Мұндай келеңсіздікке жол беруге болмайды.

Міндетті талаптар тізімі бизнесті шектен тыс тексерістерден қорғайтын маңызды құралдың бірі болуға тиіс.

Қолданыстағы нормалардың Кәсіпкерлік кодекске сәйкестігін қосымша тексеріп, тізімді тезірек қолданысқа енгізу қажет.

Біз азаматтарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді цифрланды-ру ісінде зор жетістікке жеттік. Бірақ бюрократиялық рәсімдер әлі күнге дейін бизнеске кедергі болып отыр. Цифрлан-дыру ісінің мақсаты әлі орындалған жоқ.

Бұл ахуалды шұғыл түзеу керек. Ең алдымен, салықтық әкімшілендіруге на-зар аудару қажет.

Мемлекеттік кірістер комитеті циф-рландыру үдерісі бойынша мемлекеттік органдар арасында көш бастауға тиіс. Бұл мекеме жасанды интеллектінің және басқа да озық технологияның әлеуетін салық төлеушілердің мүддесіне сай тиімді қолдануы керек.

Осы жүйелі қадамның бәрі мемле-кет пен бизнестің арасындағы қарым-қатынастың мүлдем жаңа, сервистік үлгісін жасауға арналған.

Жаңа Салық кодексі қазіргі нормалар

мен рәсімдерді өзгертумен шектелмеуі керек. Бұл құжат салық төлеушілердің ашықтық пен адалдыққа негізделген жаңа таным-түсінігі мен болмысын қалыптастыруға тиіс.

Мемлекет адал жұмыс істейтін салық төлеушілердің мүддесін қорғайды. Олардың адал еңбегінен түскен салықты елімізді дамытуға жұмсайды.

Салықтан түскен әр теңге халықтың игілігіне жұмсалуға тиіс. Бұл – азаматтарға сапалы мемлекеттік қызмет көрсетіліп, инфрақұрылым салынып, мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылуы қажет деген сөз.

Даму институттары кәсіпкерлердің белсенділігін арттыру ісінде айрықша рөл атқаруға тиіс. Бірақ олардың жұмысында біраз кемшілік бар. Даму институттарының қызметін өзгертетін кез келді.

Шын мәнінде, бұл құрылымдар нақты бір салаға бағытталған, терең талдау жасауға қабілетті және инвестиция салуға құқылы толыққанды даму институты ретінде жұмыс істеуге тиіс.

Тағы бір өте маңызды мәселе. Мемлекеттің экономикадағы үлесін азайту көп жылдан бері өзекті міндет болып келеді. Мемлекеттік ұйымдар мен компаниялар негізсіз көбейіп, жеке кәсіпорындардың толыққанды дамуына мүмкіндік бермей отыр.

Елімізде мемлекеттің үлесі бар ұйымдар саны 25 мыңға жуықтайды. Көпшілігінің қызметі мен құрылымы сын көтермейді, қисынға да келмейді. Қазір коммерциялық емес міндеттерді орындау үшін коммерциялық әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылып жүр. Соның салдарынан түрлі шығындар артып, корпоративті ор-гандар көбейіп кетті. Нақты нәтижеге назар аударылмайды. Стратегиялық жо-спарлау және реформалар агенттігіне Үкіметпен бірлесіп, мемлекеттік секторды реформалау туралы нақты ұсыныстар әзірлеуді тапсырамын, қажет болса, ар-найы Жарлық шығарамын.

Бұдан бөлек, Үкімет Мемлекеттік мүлік туралы заңды жаңартуға тиіс. Заңда мемлекеттің экономикаға қатысу шегі нақты айқындалуы керек. Сондай-ақ басқару ісіне қатысты құқықтық талаптар көрсетілуі қажет.

ЖЕТІНШІ. Экономиканы жан-жақты жаңғырту жұмыстары адам капита-лын дамытуға қатысты жаңа міндеттер жүктейді.

Бұл жерде білім беру саласы айрықша рөл атқарады.

«Келешек мектептері» ұлттық жоба-сы аясында жоспарланған 217 мектептің 150-і қазірдің өзінде жұмыс істеп тұр. Қалған мектептердің құрылысы алдағы үш ай ішінде аяқталуға тиіс.

Цифрлық технологиялар жаһандық еңбек нарығын жылдам өзгертіп жатыр. Әлемде жасанды интеллектімен жұмыс істеудің қыр-сырын білетін мамандарға деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді.

Жұмыс үдерістерінің едәуір бөлігі цифрлық технологияларды енгізу арқылы автоматтандырылатыны анық.

Сол себепті менің тапсырмаммен 100 мыңға жуық студентті технологиялық жобаларға тартуды көздейтін Al-Sana бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Алайда жасанды интеллектімен жұмыс істеу құзіретін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни мектеп қабырғасынан қолға алынуға тиіс.

Осыған орай бірқатар бастаманы жүзеге асырған жөн. Ең алдымен, мектеп оқушыларына арналған жасанды интел-лект негіздері туралы бағдарлама және оқу материалдарын әзірлеу қажет.

Ұстаздардың жасанды интеллект технологиясын меңгеру дағдысын да қалыптастыру керек болады.

Қашықтан оқыту тәсілі және жасанды интеллект технологиясы негізінде «Qazaq Digital Mektebi» атты шағын жинақты мектеп үлгісін әзірлеуіміз қажет. Мұндай платформа ауылдағы оқушыларды са-палы оқу тәсілдерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ЖӘНЕ ОНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ШЕШУ

Елордада балаларды дамыту орталықтарын жеке қаражат тарту арқылы салу тәжірибесі бар. Көптеген кәсіпкер дәл осы мәселе бойынша көмек көрсетуге әзір екенін білдіріп жатыр. Әкімдер осындай жобаларды жүзеге асыруға кәсіпкерлерді белсенді түрде жұмылдыруы керек.

Еліміз білім экономикасына көшіп жатыр. Сондықтан ғылым, білім және инновация саласын басқару тәсілдерін өзара байланыстыру өте маңызды.

Ғылым саласында әлі де мемлекеттің үлесі басым. Бірақ бюджет қаржысының қайтарымы әлі де шамалы болып тұр. Жаңа патенттер, технологиялар мен өндірістер сияқты көзге көрінетін нақты нәтиже жеткілікті емес. Инновациялық саясатты Ғылым және жоғары білім министрлігінің құзырына берген жөн.

Министрлік және Ғылым академиясы бірлесіп, ғылыми институттар мен жоғары оқу орындарын үйлестіру ісімен белсенді түрде айналысуы керек.

Жасанды интеллектіні кеңінен қолданатын университеттерге көбірек дербестік беруге болады.

Сонымен қатар Үкімет дарынды зерттеушілерді қолдау үшін қосымша шаралар қабылдауға тиіс.

Білікті мамандарымызды елге қайтарудың тиімді тәсілдерін ойластырып, қолданысқа енгізу керек. Кадр тапшылығын жою үшін көші-қон саясатын да қайта қараған жөн.

Шетелден елімізді дамытуға үлес қоса алатын мықты мамандарды ұлтына қарамай тарту – өте маңызды міндет. Олардың Қазақстанда қалуына жағдай жасау керек. Себебі бізге білікті мамандар өте қажет. Әсіресе техникалық мамандықтарды меңгерген өз ісінің нағыз шеберлері керек. Қазіргі тілмен айтсақ, «сапасы жоғары адами ресурстар» қажет.

Өйткені білікті, саналы адамдар – ұлттық экономиканың арқауы, ел болашағының кепілі.

Елімізге кәсіби даярлығы жоғары, білікті жұмысшылар өте қажет, бұл – анық нәрсе. Сондықтан мен 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияладым. Қазір елімізде мыңдаған жұмыс орны бос тұр. Түрлі салада, тіпті, жалақысы едәуір жоғары жұмыс орындары бар. Бұл орындарды шетелден келіп жатқан адамдар толтыруда.

Жыл сайын мыңдаған инженер, құрылысшы және ауыл шаруашылығы маманы оқуын бітіріп шығады.

Оларға білім беру үшін мемлекет қомақты қаражат бөліп жатыр.

Алайда көбі мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Олар арнайы білімді қажет етпейтін, тез табыс әкелетін жұмыстарды таңдайды.

Өрине, жұмыстың жаманы жоқ, адал еңбектің бәрі – маңызды.

Бірақ бұл үрдіс жеке адамға да, бүкіл елге де үлкен пайда әкелмейді. Азаматтардың өндіріске барғаны абзал.

Экономиканың нақты саласында жұмыс істеуге ұмтылғаны жөн. Осыған мемлекет қажетті жағдай жасауы керек. Жұмысшы мамандықтарына деген құрметті арттыра түсуіміз керек. Оларға лайықты жалақы төлеу қажет. Бұл – мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі міндеттің бірі.

Еңбек нарығын, әсіресе көші-қон мәселесін реттеу саласында есепке алудың орталықтандырылған жүйесі жоқ. Бұл жағдай осы саладағы болжау жұмысының сапасына және шешімдердің тиімділігіне кесірін тигізеді.

Үкімет ел ішіндегі және шетелдегі көші-қон ағымының есебін жүргізетін бірыңғай цифрлық жүйе енгізуге тиіс.

Ішкі және сыртқы көші-қон үдерісінің бақылаусыз қалуы жұрттың бәрі тұрғысы келетін ірі қалаларымыздың инфрақұрылымына орасан салмақ түсіріп отыр.

Астана – соның айқын мысалы.

Соңғы үш жылдың өзінде елорда тұрғындарының саны 250 мыңнан астам адамға, соның ішінде былтыр 100 мың

тұрғынға көбейді. Биылғы өсім онсыз да жоғары саналатын осы көрсеткіштен асып түсуі мүмкін.

Елордада халық саны ресми түрде 1,5 миллион адам болғанымен, оның инфрақұрылымы іс жүзінде күн сайын 1,9 миллион адамға қызмет көрсетеді.

Басқаша айтсақ, Астана 400 мыңнан астам адамға, яғни халық саны бойынша орташа қала саналатын тағы бір шаһардың тұрғындарына пара-пар жұртқа ешқандай жоба-жоспарсыз қызмет етіп жатыр.

Сондықтан қаланы сумен және жылумен қамтамасыз ететін жүйелердің үздіксіз жұмысына қауіп төніп тұр.

Астанада 2022 жылдан бері мұқтаж жандарға 7 мыңға жуық пәтер, соның ішінде көп балалы отбасыларға 1380, жетім балаларға 835, ерекше қажеттілігі бар адамдарға 665 пәтер берілді.

Кейбір облыс әкімдері корпоративті салықтан түскен қаражатты көше бойындағы тас тақтайшалар салу сияқты тиімсіз жобаларға шашудан әріге бармайды. Өрине, содан соң жұрт әлеуметтік қызметтері мен жеңілдіктері бар Астанаға қарай ағылады.

Мұндай ахуал күрделі мәселелер туындауына әкеп соқтырады. Қалада әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы жандардың саны бірнеше есе артқан, әлеуметтік қолдауға арналған шығындар да бюджет кірісінен жылдамырақ өсіп жатыр. Ал әлеуметтік міндеттемелердің үлесі тым артып барады.

Мектеп инфрақұрылымы қазірдің өзінде шамадан тыс жұмыс істеп, шатқаяқтап тұр. Жыл сайын 15 мектепке дейін салу қажеттігі туындап жатыр.

Емханалардың жүктемесі өте көп, онда орын тапшы.

Соның салдарынан әкімдік қаланың қарқынды дамуына жағдай жасаудың орнына әлеуметтік шығындарға қыруар қаржы жұмсауға мәжбүр. Оның қала бюджетіндегі үлесі қазірдің өзінде 60 пайызға жеткен. Бұл ахуалды түзеу үшін түбегейлі шаралар қабылдау қажет.

Жұрттың өңірлерден ел астанасына не себепті тоқтаусыз көшіп жатқанына мұқият талдау жүргізіп, әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан тартымды басқа да орталықтар құруға арналған кешенді шаралар қабылдау керек.

«Жүргенге жөргем ілінеді» деген қағидатты енгізіп, өңірлердің әлеуметтік міндеттемелерін қаржыландыру мәселесін қайта қараған жөн.

Сонымен қатар аймақтардағы әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарға бөлінетін әлеуметтік төлемдерді біріздендіру керек.

Мемлекеттің көз алдындағыдан басқаны көрмей, бәріне көне беретін әлеуметтік саясаты жүзден астам түрлі жеңілдіктің пайда болуына әкеп соқтырды. Осы жеңілдіктерді әперемін деп «көмек қолын» созатын жылпостар да көбейді.

Біз әлі күнге дейін бұрынғы КСРО аумағындағы және одан тыс басқа да аймақтардағы қақтығыстарға қатысқан азаматтарға арнайы төлемдер жасап, медициналық қызмет көрсетіп келеміз. КСРО-ның ыдырағанына 35 жыл болса да, ардагерлеріміз барған сайын «жасарып», көбейіп барады.

Мемлекет өзінің негізгі міндеттерін орындаудан бас тартпайды. Бірақ әлеуметтік жеңілдіктерді қолдан көбейту – елді дамытуға, яғни мектеп, аурухана, көлік инфрақұрылымдарын және басқа да нысандар салуға жұмсалуды қажет қыруар қаражатты желге шашу деген сөз.

Кезінде біздегі «әлеуметтік саланың жанашырлары» толық емес отбасы деген жеңілдікке мұқтаж адамдар санатын ойлап тапқан еді.

Соның салдарынан, ажырасқан отбасылар саны күрт өсіп, біз бір кезде бұл көрсеткіш бойынша әлемде «көш бастаған» елдердің қатарына қосылдық. Мұндай мысалдар аз емес. Осылайша, біз өзіміз жалқаулық пен масылдыққа жол беріп отырмыз.

Отбасы мүшелерінің барлығы

дерлік нысаналы әлеуметтік көмек пен жәрдемақы алатын болса, жұмыс істеудің не қажеті бар?

Турасын айтсақ, әлеуметтік салада оңтайлы шешім қабылдаудың орнына, Үкімет кемінде 15 жыл бойы әлеуметтік масылдық пен әлеуметтік алаяқтыққа жол беріп келді.

Елдегі демографиялық үрдістерді егжей-тегжейлі зерделеп, ұзақ жылға арналған шешімдер қабылдау айрықша маңызды.

Алайда осы салада мәліметтерді тиісті деңгейде есепке алып, талдау жасау жолға қойылмаған. Бұл жағдай еңбек нарығының сұранысын болжау, инфрақұрылымды дамыту жұмысын жоспарлау және басқа да міндеттерді орындау жолында қиындық туғызады.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің базасында ауқымды деректер мен жасанды интеллект технологиялары енгізілген Демографиялық үдерістерді талдау және болжау орталығын құру керек.

Демография және еңбек нарығындағы үрдістер зейнетақы жүйесіне қатысты ұстанымдарды қайта қарауды қажет етеді.

Азаматтардың, әсіресе, өз-өзін жұмыспен қамтып отырған адамдардың зейнетақы жинағы аз екені байқалады.

Үкімет Ұлттық банкпен, сондай-ақ Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесе отырып зейнетақы жүйесінің қаржылық тұрақтылығын нығайту, зейнетақы төлемдерінің ұзақ уақыт бойы теңгерімді және лайықты деңгейде болуын қамтамасыз ету шараларын ойластыруы керек.

Азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру мәселесі әлі де өзекті.

Осы ретте, «AMANAT» партиясы ұсынған «Қарызсыз қоғам» жобасын жүзеге асыруды жалғастыру керек.

Былырдың өзінде осы жоба аясында 845 мың адам сауатын жетілдіріп, заңгерлік кеңес алды.

Түпкі мақсат – халықтың мойнындағы қарызын азайту ғана емес, азаматтардың табысы тұрақты болуын қамтамасыз ету.

Мемлекет денсаулық сақтау жүйесін дамыту үшін жүйелі шаралар қабылдап жатыр.

Елімізде медицина нысандары біртіндеп жаңғыртылуда. Ауылдағы фельдшерлік-акушерлік пункттерден бастап мамандандырылған ауруханаларға дейін жаңартылып жатыр.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 540 нысан салынды, осы жылдың соңына дейін тағы 115 нысан пайдалануға беріlmек. Ал қалалы жерлерде денсаулық сақтау саласына қатысты бірқатар ірі нысан іске қосылды. Мысалы, Астанада онкология орталығы, Алматыда жұқпалы аурулардың ғылыми орталығы ашылды.

Осы ретте бұған дейін түрлі аймақта бой көтерген көпбейінді ауруханаларды бюрократиялық шығалаңға салмай, пайдалануға беру қажет. Сондай-ақ мұндай жаңа нысандар салуды жалғастыра берген жөн. Бұл жұмысқа мемлекеттік-жекеменшік серіктестік механизмдері аясында жеке инвестицияны да тарту керек. Сонда азаматтар Астанаға көше бермейді.

Басқа да бағыттар бойынша жұмыстарды жандандыру керек. Соның ішінде фармацевтика өнеркәсібін дамытуға баса мән берген жөн. Өзімізде жасалатын дәрі-дәрмектің түрі мен санын көбейту – стратегиялық міндет. Бұған, әсіресе, пандемия кезінде әбден көзіміз жетті.

Денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығына және медициналық қызметтерге мониторинг жүргізу ісінің тиімділігіне қатысты мәселелер бар.

Бюджет қаржысы шектеулі кезде Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры іс жүзінде бюджетті реттеуші рөлін атқарып отыр. Қор дайын өнім жеткізетін кәсіпорындарға бақылауды күшейткеннің арқасында шығынды көбейтпей ұстап тұр.

Үкімет жасанды интеллект технологиясын қолданып, медициналық қызметтердің сапасына және көлеміне мониторинг жүргізетін жаңа жүйе қалыптастыруға тиіс.

Елімізде дәрігердің мәртебесін көтеріп, әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін нақты шаралар қабылданып жатыр. Бұл жұмыс өз жалғасын табады.

Халықтың өмірі мен денсаулығына тікелей әсер ететін тағы бір түйткіл, бұл – жол қауіпсіздігі.

Мен былтырғы Жолдауда бұған арнайы тоқталдым. Өрине, біраз шаруа жасалып жатыр. Соған қарамастан көлік апаттары азаймай тұр. Жыл басынан бері 22 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркелген. Шын мәнінде, көп нәрсе көлік жүргізушілерінің өзіне байланысты, себебі жол ережесін бұзатындар аз емес.

Жылдамдықты асырмау, жол ережесін бұзбау – ең басты және маңызды талап.

Әрбір адам өз өміріне және айналасындағы адамдардың қауіпсіздігіне жауапты екенін сезінуге тиіс. Көлік жүргізу мәдениетін бүкіл қоғам болып қалыптастыру қажет.

Сондай-ақ электросамокаттарға назар аударған жөн. Бұл тақырып қоғамда қызу талқыланып жатыр.

Екі жыл бұрын жаяу жүргіншілер жолымен жүруге шектеу қоятын заңнамалық өзгерістер енгізілді.

Бірақ қоғамдық орындардағы ахуал өзгере қойған жоқ, әлі де азаматтарға қауіп-қатер төніп тұр.

Қазір бұл саланы реттейтін заңға түзетулер әзірленді. Оны көп созбай қабылдау керек. Әрбір азаматтың, әрбір баланың өмірі қымбат. Бұл мәселеде ұсақ-түйек деген болмайды. Түптеп келгенде, мұның әрқайсысы – Қауіпсіз Қазақстанды құру жолындағы маңызды қадамдар.

Келесі мәселе. Бұл – жасанды интеллекті дәуіріндегі мәдениет пен өнердің дамуы. Осы салаға бұрынғыдай айрықша мән береміз, тиісті инфрақұрылымды саламыз және қажет болса жөндеуден өткізіп, қалпына келтіреміз.

Өнер адамдары еліміздің мәдениетін, салт-дәстүрін шетелге паш етіп жатыр. Бұл – құрметке лайық жұмыс. Сондықтан мәдениет қайраткерлеріне қажетті қолдауды көрсетеміз. Бірақ олар жаңа заманның талабына бейімделіп жұмыс істеуі керек.

Баршаңызға мәлім, мен бұқаралық спортты дамытуға баса мән беремін. Аймақтарда спорт нысандары бой көтеріп жатыр. Үйірмелер балаларға қолжетімді бола бастады.

Ерекше қажеттілігі бар азаматтарға және егде адамдарға арналған спорт клубтары ашылып жатыр. Сондай-ақ кәсіби спорт саласында оң өзгерістер болып жатыр.

Мен бұған дейін шетелден келген спортшыларға бюджеттен қаржы бөлуді шектеу туралы тапсырма бердім. Депутаттар бұл бастаманы қолдап, арнайы заң қабылдады.

Бірақ мұнымен шектеліп қалуға болмайды, алға қарай жүруіміз керек.

Футбол клубтарын жекешелендіруге қатысты жұмысты тездету керек.

Қазір еліміздің төрт футбол клубына белгілі кәсіпкерлеріміз ие болды, яғни, клубтар жекеменшікке өтіп жатыр. Сол үшін оларға ризашылығымды білдіремін.

Дегенмен футболды коммерцияландыру ісін жалғастыра беру керек. Мұндай қадамсыз Қазақстанда футбол дамымай-тынын әлемдік тәжірибеден көріп отырмыз.

Қазіргі заманда кәсіби спортты қомақты табыс әкелетін бизнес-индустрия ретінде қарастырған жөн.

Мен жариялаған міндеттер Қазақстанның одан әрі қарқынды дамуы үшін айрықша маңызды.

Олар елімізді цифрлық жаңғырту ісімен тығыз сабақтасып жатыр.

(Жалғасы 6-бетте).

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ШЕШУ

(Соңы. Басы 1,2,3,4,5 беттерде).

Жасанды интеллектіні жаппай енгізу және жаппай цифрландыру еліміздің барлық саладағы әлеуетін еселеп арттырады. Біздің стратегиялық бағдарымыздың ең басты қыры осы болуға тиіс.

Әрине, елімізде суперкомпьютердің іске қосылуы – зор жетістік. Бірақ мұны Үкімет те, бүкіл қоғам да Қазақстанды, шын мәнінде, цифрлық мемлекетке айналдыратын жан-жақты және қарқынды жұмыстың бастауы ретінде қабылдауға тиіс.

Осы міндетті тиімді орындау үшін Үкіметке цифрландыру ісі мен жасанды интеллектіні дамытуға арналған «Digital Qazaqstan» атты біртұтас тұжырымдамалық құжат әзірлейді. Онда бастамалар мен жобалардың бәрі жалпыұлттық стратегия аясында біріктірілетін болады.

Түптеп келгенде, еліміздің түбегейлі цифрлық жаңғыруын халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бастайтын жол дей аламыз.

Мемлекет әр азаматтың лайықты табыс тауып, сапалы әлеуметтік қызмет алып, ертеңгі күніне сенімді болуы үшін барынша жағдай жасай береді.

Себебі қолға алынған барлық реформа бір ғана мақсатты көздейді. Бұл – халықтың әл-ауқатын арттыру және елдің жан-жақты өрлеуін қамтамасыз ету. Еліміздің халықаралық беделін арттыру жолындағы күш-жігеріміздің түпкі мәні де – осы.

Цифрландыру және жасанды интеллект дәуірінде мемлекетіміздің ұлттық стратегиялық мүддесіне сай келетін теңгерімді әрі сындарлы сыртқы саясаты әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан орнықты дамуымызға зор ықпал етеді деп сенемін.

Көптеген мемлекет Қазақстанмен достық қатынас орнатып, тиімді ынтымақтастықты нығайтуға ұмтылады. Мұның өзі, бірінші кезекте, еліміздің халықаралық аренадағы абырой-беделі жоғары екенін және өзгелер бізбен санасатынын көрсетеді.

Біз маңызды халықаралық проблемаларды шешуге өз үлесімізді қосып келеміз. Қазақстанмен қарым-қатынас орнатуға мүдделі алыс-жақын елдердің бірімен ынтымақтастығымызды бағалаймыз.

Жақында мен Қытайға ресми сапармен бардым. Онда мәңгі стратегиялық серіктестік рухында дамып келе жатқан екіжақты қарым-қатынастың барлық мәселелері бойынша табысты келіссөздер өтті.

Менің Түркияға және Қырғызстанға сапарларым да сәтті болды. Осы жылдың соңына қарай мен Ресейге және Өзбекстанға барамын. Астанада Өзбайжан, Армения, Түрікменстан басшыларын қарсы алуға дайындалып жатырмыз. Сондай-ақ Азияның, Еуропаның, Африканың бірқатар мемлекет басшыларымен кездесіп, келіссөз жүргізу жоспарланған.

Қазақстан-Америка сұхбаттастығы да белсенді жалғасып келеді. Еуропа одағымен сан салалы байланыстарымызды күшейтіп жатырмыз.

Биыл айтулы даталарға толы жыл болды. Ең бастысы, Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 80 жыл толды.

Мәскеуде және Бейжіңде өткен салтанатты іс-шаралар адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыстың ондаған миллион құрбаны әлем халқының жадында мәңгі қалатынын аңғартты. Сондай-ақ бәрімізді сол бір қанды қырғынға қайта баға беруден және жаңа дүниежүзілік соғыс бастауға ұмтылудан аулақ болуға шақырды.

Барлық ел өсіп-өркендеу үшін бейбітшілікті сақтап, ортақ мәмілеге келе білуі керек. «Мың шыж-быждан бір сіз-біз артық».

Сол себепті Қазақстан Аляска-

да өткен Ресей-АҚШ саммитінің нәтижесіне, сондай-ақ Вашингтонда Президент Трамптың ара ағайындығымен Өзбайжан мен Арменияның бейбітшілік туралы декларацияға қол қойғанына қолдау білдірді.

Екінші айтулы дата – Екінші дүниежүзілік соғыстың басты институционалдық қорытындысы саналатын Біріккен Ұлттар Ұйымының 80 жылдығы.

Біріккен Ұлттар Ұйымына әлі күнге дейін еш балама жоқ. Қазақстан оны көкейкесті халықаралық мәселенің бәрін әділ шешу жолындағы негізгі келіссөз алаңы болып қала беруге тиіс деп санайды.

Дегенмен Біріккен Ұлттар Ұйымын, әсіресе, оның ең басты органы – Қауіпсіздік Кеңесін реформалайтын кез келді.

Мен жақында Нью-Йорк қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының мерейтойлық сессиясында сөз сөйлеймін. Басқосуда халықаралық ахуалға, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалауға қатысты Қазақстанның көзқарасын білдірмекпін.

Қадірлі отандастар!

«Заң және тәртіп» – мемлекетіміздің мызғымас тұғыры.

Қоғамда осы қағиданы түбегейлі орнықтыру үшін барлық құзырлы органдар арасында ортақ көзқарас пен ортақ ұстаным болуға тиіс. Бұл – ең алдымен, ешқандай құқық бұзушылыққа жол бермеу қағидасы, яғни кез келген заңсыздыққа қарсы тұру деген ұстаным.

Сондықтан мемлекеттік органдардың осы бағыттағы жұмысын барынша қолдау қажет. Сонда ғана елімізде құқық бұзушылыққа, озбырлық пен зорлық-зомбылыққа қарсы сана-сезім қалыптасады, қоғамға жат кез келген әрекетке төзбеушілік пайда болады.

Ашығын айтуымыз керек, қазіргі таңда адамдарда дәрежі сөйлеп, бір-біріне ерегесіп, жаға жыртасатын әдет бар. Осындай келеңсіз оқиғаларды, әсіресе, қоғамдық орындарда, жол бойында жиі көруге болады.

Өкінішке қарай, солардың ішінде айқай-шу шығаратын, балағат сөздер айтып, қоғамдық тәртіпті бұзатын әйелдер де бар.

Бұл – мәдениетті, өркениетті қоғамға жараспайтын қылық, еліміздің халықаралық қоғамдастықтағы беделіне зиян келтіретін құбылыс.

Озық ойлы ұлт болу үшін мұндай жағымсыз әдеттен түбегейлі арылуымыз керек. Ұлы Абай «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деп бекер айтпаған.

Мәдениет пен әдеп, тәрбие мен тәлім әрбір азаматтың, әрбір отбасының өзінен басталуы қажет.

Қазіргі бұлыңғыр заманда ең басты міндет – еліміздің егемендігін, жеріміздің тұтастығын нығайту. Ол үшін бірлігіміз бекем болуы керек. Халқымыз тату болса, ішкі ахуал тұрақты болса, біз барлық қиындықты жеңеміз. Кез келген кедергіден өтеміз.

Сондықтан жұртымызды ел тыныштығын бағалай білуге, сақтай білуге шақырамын.

Әрбір азамат мемлекетшіл, отаншыл болуы керек.

Бүгінде патриотизм деген сөздің сипаты, мазмұны өзгеріп жатыр. Бұрын бұл ұғым негізінен дәстүрлі құндылықтармен өлшенетін, тіл, мәдениет, руханият мәселесі ұлттық мүдденің өзегі ретінде саналатын. Әрине, бұл дұрыс, әрқайсысы ұлт болмысының арқауы. Оны бізден ешкім тартып алмайды, оған алаңдауға еш негіз жоқ.

Қазіргі көкірегі ояу жас ұрпақ отаншылдық деген сөзді басқаша қабылдайды. Жастардың басым көпшілігі әсіредіншілдікті, әсіреұлтшылықты қолдамайды. Олар үшін патриотизмнің

басты көрсеткіші – жасампаздық пен жаңашылдық.

Жастар «Елді сүю дегеніміз – халыққа пайдасы тиетін жаңалық ашу, жаңа іс бастау» деп түсінеді.

Олар Қазақстанды дамыған, көркейген мемлекет ретінде көргісі келеді. Заманауи технологияларды меңгеріп, халқымызды озық ойлы ұлттардың қатарына қосуға талпынады.

Өскелең ұрпақтың бойындағы патриотизм – болашаққа деген шынайы ұмтылыс. Бұл – қоғам санасында болып жатқан өзгерістің айқын көрінісі. Мен мұны толығымен қолдаймын. Жастардың күш-жігеріне, олардың дарыны мен біліміне сенемін.

Біз кеше кім болғанымызды ұмытпаймыз. Төл тарихымызға құрметпен қараймыз. Ал келешекте кім болатынымыз тек қана өз қолымызда екенін жақсы түсінеміз.

Сондықтан ғылым-білімге ұмтылған, елін-жерін көркейтуді ойлаған жастарға әрдайым жан-жақты қолдау көрсете береміз. Біз қолға алған ауқымды жұмыстың бәрі жастардың жарқын болашағы үшін жасалып жатыр. Өскелең ұрпақ ертең соның игілігін көреді, оны еселеп, лайықты жалғастырады.

Қазір жер жүзінде болып жатқан түбегейлі өзгерістерге жастар тез бейімделеді. Соның ішінде жасанды интеллектінің жаңа дәуірдегі орны ерекше.

Хакім Абай «Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп айтқан.

Бұл нақыл сөзге Мемлекет басшысы ретінде қосарым: Өркениетті әрі озық елдің заңы – әділ, билігі – білікті, ал азаматтары саналы және белсенді болары хақ.

Мемлекет деңгейінде қабылданған әрбір шешімнің мән-маңызы, ең алдымен, халықтың тұрмысын жақсарту, экономиканы тұрақтандырып, әлеуметтік әділдік орнату үшін жасалған нақты істермен өлшенуге тиіс. Сонда біз жаңа тұрпатты, мықты ел боламыз.

Қазақстан жан-жақты, түбегейлі реформалардың арқасында дамудың даңғыл жолына түсіп келеді. Алда қарқынды жұмыс күтіп тұр. Біз бағдарымыздан айнымай, тек алға қадам басуымыз керек.

Құрметті отандастар!

Бүгін мен еліміздің жасанды интеллект негізінде әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай оң ықпалын тигізетін жаңа саяси реформа туралы ойымды ортаға салғым келеді.

Бұл жерде парламенттік реформа туралы айтқалы тұрмын.

Жоғары өкілді билік тармағына қатысты реформаны бұған дейінгі барлық өзгерістің, соның ішінде Президент билігіне қатысты өзгерістердің заңды жалғасы деуге болады. Біз Әділетті Қазақстанды құруға кірістік. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатына сәйкес билік пен халықтың арасында ашық әрі бүкпесіз диалог орнатып жатырмыз.

2022 жылы маусым айында елімізде жалпыұлттық референдум өтті. Онда азаматтарымыздың басым көпшілігі «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы негізінде мемлекетімізді жан-жақты жаңғырту стратегиясына қолдау білдірді. Соңғы жылдары Қазақстанда, тіпті, шетелдерде болып жатқан оқиғалардың өзі біз таңдаған бағдардың дұрыс екенін көрсетіп берді. Дегенмен бір жерде тоқтап қалуға болмайды.

Біз еліміздің және кейінгі ұрпақтың болашағын тереңнен ойлауымыз керек. Менің жылдың басында «Ана тілі» газетіне ауқымды сұхбат бергенімді білесіздер. Онда «Реформа – ұдайы жүретін үдеріс, қоғамда нақты сұраныс болса, жаңа реформалар әзірленеді» деп айттым.

Елімізде парламенттік реформа мәселесі кемінде жиырма жылдан астам уақыт бойы айтылып келеді. Осы мәселе ашық та, жабық та талқыланып жүргені ешкімге құпия емес. Бұл тақырып әлі күнге дейін өзекті болып отыр. Сондықтан мемлекеттік жүйе дамып, азаматтарымыздың саяси мәдениеті өсіп келе жатқанын ескере отырып, бұл мәселені халықтың талқысына салу айрықша маңызды деп санаймын.

Сенат 1995 жылы елімізде күрделі әрі тұрақсыз саяси жағдай болып тұрған сәтте Парламенттің жоғары палатасы ретінде құрылды. Ол кезде мемлекеттігіміздің негізі енді ғана қалыптаса бастаған аса қиын жолдың басында тұрған едік. Сенатқа мемлекет құру ісіндегі тұрақтылықты қамтамасыз ету тарихи міндеті жүктелді. Өткен 30 жылда Сенат өзінің осы аса маңызды тарихи миссиясын абыроймен, тиімді атқарып шықты. Жоғары палата заң шығару үдерісінің, басқа да негізгі реформалардың айрықша маңызды тетігі әрі кепілі болып келеді.

Баршаңызға мәлім, мен Сенатқа он жыл басшылық еттім. Бұл жұмысты қашанда зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік деп санадым. Сондықтан маған осы мінберден парламенттік реформа туралы айту оңай емес. Соған қарамастан мен дәл бүгін елімізде көп ұзамай бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтергім келеді. Бірден айтайын, бұл – өте маңызды мәселе. Оны асығыс жүзеге асыруға болмайды. Бұл реформа азаматтық секторда, сарапшылар ортасында, сондай-ақ, әрине, қазіргі Парламентте жан-жақты талқылануы қажет.

Реформаның мән-маңызы айрықша екенін ескерсек, оны талқылауға бір жыл уақыт керек деп ойлаймын. Содан кейін, яғни, 2027 жылы жалпыұлттық референдум өткізуге болар еді. Содан соң Конституцияға тиісті өзгеріс енгізе аламыз.

Мен мемлекеттің тағдырын айқындайтын барлық мәселе халықтың келісімімен ғана шешіледі деп бұған дейін бірнеше рет айттым. Егер бір палаталы Парламент құру қажет деген ортақ шешімге келсек, ондай Парламентті тек қана партиялық тізім бойынша сайлаған жөн деп санаймын. Бұл – әлемде кеңінен тараған парламенттік рәсім. Осылайша, Мәжілістің қазіргі құрамы барлық заңдық рәсімдер аяқталғанша өз ісімен айналыса береді. Сенат жалпыұлттық референдумның қорытындысы шығып, жаңа Парламент сайлауы өткенге дейін алаңсыз жұмыс істейді. Ал саяси партиялардың бәсекелі тартысқа дайындалуына уақыты болады. Депутаттарымыз нағыз мемлекетшіл азамат ретінде бұл мәселеге зор жауапкершілікпен әрі түсіністікпен қарайды деп ойлаймын.

Түптеп келгенде, саяси реформалардың бәрі еліміздің біртұтас институционалды жүйесінің ажырамас бөлігіне айналады.

Әрине, заңды сұрақ туындауы мүмкін: Президент Парламенттік реформа жасау қажеттігі туралы неге соншалықты ерте жариялап жатыр, әйтпесе, саяси технологияның қағидасына сәйкес мұндай шаралар тосыннан, күтпеген жерден жасалады емес пе?

Бірақ мен осыған дейін де айттым, тағы да қайталап айтамын: мен еліміздің және халқымыздың тағдырына қатысты қандай да бір мәселеге келгенде тек қана ашық саясат жүргізу керек деп санаймын, мұндай ауқымды реформаны қоғамнан құпия ұстауға болмайды деп есептеймін.

Осындай тағдырлы мәселелер бойынша халықпен ашық сұхбат жүргізу қажет деп сенемін. Сонда ғана бәріміз бір ел болып, Әділетті және Қуатты Қазақстанды құру жолында тағы бір маңызды қадам жасаймыз.

Баршаңызға амандық, табыс тілеймін. Қазақстанымыз мәңгі жасай берсін!

Жетісуда Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру шаралары жөніндегі жиын өтті

Облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың төрағалығымен ел Президентінің «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөнінде жиын өтті. Жиынға облыстық басқармалардың басшылары, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, сол сияқты онлайн режимде аудан-қала әкімдіктерінің қызметкерлері қатысты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыс әкімі өз сөзінде Мемлекет басшысы жүктеген жеті нақты міндетке баса назар аударды. Атап айтқанда, инвестиция тарту, өңдеу өнеркәсібін, көлік-логистика саласын дамыту, ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен су инфрақұрылымын жаңғырту, кәсіпкерлердің цифрлық дамудың қозғаушы күші ретіндегі рөлін нығайту, адам капиталын дамыту арқылы экономиканы жан-жақты жаңғырту мәселелеріне кеңінен тоқталды.

Мәселен, өңірде қолайлы инвестициялық ахуалды қалыптастырудың арқасында облыс құрылғаннан бері 1,2 трлн. теңге инвестиция тартылған. Биылғы жылы жалпы сомасы 37 млрд. теңгені құрайтын 14 ірі жобаны іске асыру жоспарланып отыр, бұл 830-дан астам жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Бұл ретте айтарлықтай инвестициялық және логистикалық әлеуетке ие, белсенді жұмыс істеп тұрған екі арнайы экономикалық аймақты дамытуға аударылып отыр. Осы орайда өңір басшысы инвесторлармен жүйелі жұмыс жүргізудің тиімді моделін енгізіп, жоспарланған



инвестициялық жобалардың белгіленген мерзімде іске асырылуын қатаң бақылау қажеттігін баса айтты.

Сонымен қатар облыс өңдеу өнеркәсібін дамытуда жоғары әлеуетке ие. Осыған орай жоғары технологиялық өндірістерді дамыту стратегиялық бағыт ретінде белгіленіп отыр. Бұл ретте өңірде Көксаы мыс өңдеу зауытын салу жобасының маңызы зор болмақ.

Ал ауыл шаруашылығында жыл басынан 54,3 млрд. теңгеге тамақ өнімдері өндіріліп, нақты индекс көлемі 112,3% құраған.

- Алдымызда Мемлекет басшысы тапсырған ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру міндеті тұр. Облыста ауыл шаруашылығы өнімдерінің шикізатын қайта өңдеу үлесі 68%-ға жетті. Мұнымен шектеліп қалмай, өңдеу ісін одан әрі арттыру үшін қолда бар мүмкіндіктерді пайдаланып, нақты шаралар қабылдауымыз

керек. Ол үшін тиісті сала басшыларына үздік агротәжірибені енгізе отырып, агрохаттар мен логистика орталықтарын құруды, мал шаруашылығын қолдау арқылы ішкі нарықты етпен, сүтпен және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз етіп, экспортты арттыруды тапсырамын, - деді Б. Исабаев.

Мұнан соң көлік-логистика секторын дамыту мәселесіне тоқталған өңір басшысы тиісті басқармаларға осы салада жасанды интеллектті қолдана отырып, көлік тасымалдарын басқарудың көп функциялы цифрлық платформасын енгізуді жеделдету, шекарада автокөлік тасымалдаушыларға көрсетілетін қызмет сапасын жақсарту міндеттерін жүктеді.

Сол сияқты тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен су инфрақұрылымын жаңғырту, су үнемдеу технологиясын енгізу, елді мекендерді абаттандыру, әлеуметтік саланы дамыту, кадр даярлау

т.б. мәселелерге де кеңінен тоқталды. Бұдан бөлек, кәсіпкерлер цифрлық дамудың қозғаушы күші болуы керектігін жеткізіп, шағын және орта бизнесті дамытудағы міндеттерді де атап өтті.

Өңір басшысы облыста әлі де өзекті болып отырған бірқатар проблемаларды назардан тыс қалдырған жоқ. Соның ішінде қайтарылған ауыл шаруашылығы жерлерін қайта айналымға енгізу мәселесінде ширақтық керек екенін қадап айтты. Сондай-ақ электрмен жабдықтау желілерінің тозуын төмендетуді республикадағы орташа көрсеткішке жеткізу міндетін қойды. Сонымен бірге атаулы әлеуметтік көмектің шын мұқтаж жандарға ғана көрсетілуі тиіс екенін тілге тиек етіп, жергілікті жерлерде осыған қатысты жағдайды егжей-тегжейлі зерделеуді тапсырды. Сөзінің соңында облыс әкімі цифрландырудың аса маңызды кезеңі басталғанын айтып:

- Уақыт талабына сай өңірді дамыту ең алдымен жұмысты дұрыс ұйымдастыра білумен қатар цифрландыру жүйесін енгізу деңгейіне байланысты. Сондықтан алдағы уақытта Цифрлық технологиялар басқармасы өте белсенді жұмыс істеп, жасанды интеллектті барлық салаға қарқынды енгізудің алғы шебінде жүруі тиіс. Білікті, білімді жергілікті IT мамандарымызды қалыптастыруымыз керек. Алдымызда үлкен істерді нәтижелі жүзеге асыру міндеті тұр. Ол үшін біздің облыста барлық мүмкіндіктер бар. Сондықтан осы айтылған мақсат-міндеттерді өздеріңізбен бірлесіп сапалы атқарамыз деп сенемін, - деді Б. Исабаев.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Ата заң - зайырлылық ұстанымның негізі

Кез келген зайырлы елдің даму бағыттарын белгілейтін басты құжаты - Ата заңы. Осыдан 30 жыл бұрын бүкіл халықтық референдумда кең байтақ Қазақстанның көп ұлтты халқы өзінің егемендік құқығын барша әлемге паш етіп, көптеген елдермен терезесі тең, іргетасы мықты демократиялық жолмен дамып келе жатқан мемлекет екендігін танытты. Сөйтіп, 1995 жылдың 30 тамызында Қазақстан Республикасының Ата заңы өмірге келді.

Еліміздің Ата заңы халқымыздың дербес ел болуды армандаған, мүддесін заң тілінде айшықтаған, жер шарына, адамзат ғаламына «Қазақстан» деген мемлекет бар екенін паш еткен ерекше құжат. Ата заңымыздың өзгешелігі Қазақстан Республикасының тәуелсіз дамуының мемлекеттік тұғырын, басқару тәсілін, билік тармақтарын бекітіп, «байырғы қазақ жерінде мемлекет құрылғанын» жария етті. Конституция бізге, адамдық қадір-қасиетімізге қол сұғылмауына, тіліміз бен дініміздің дамуына, ар-ождан бостандығын қорғауға, адал еңбегімізбен тапқан мүлкіміз бен меншігімізді сақтауға кепілдік береді. Сондықтан құқықтық мемлекет, заңның жоғарғы мәртебелілігі, Конституцияның мызғымас беріктігі, ұлттық идеологияның негізі және түп қазығы екенін мойындауымыз керек.

Татулық пен бейбітшіліктің мекені болып табылатын кең байтақ елімізде жүздеген ұлттар тұрады, әр ұлттың өз діні мен тілі бар және әрқайсысына дін және тіл бостандығын беріп қойған. Бүгінде олар достық туын жоғары көтере біліп, Қазақстан мемлекетінің экономикасын өркендетуге орасан еңбек сіңіріп келеді. Мұндай жетістіктерге халық пен мемлекеттік билік бірлігінің және де Ата заңымыздың мызғымастығының бірден бір кепілі Қазақстан Республикасының Президентінің саликалы саясаты мен қажырлы еңбегінің, алғыр басшылығының арқасы деп айтсақ артық болмас.

Конституция қабылданғаннан бергі уақыттағы тарихи өлшемдер біз үшін бүкіл өткен жолымызды таразылап, ой елегінен өткізуге толық мүмкіндік беретін белгілі бір үлкен кезең болып табылады. Ол Парламенттің рөлін көтеруді, оның үкіметке ықпал жасау және бақылау жасау тетіктерін жетілдіруді қамтамасыз етті. Елімізде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дамуына ойдағыдай жағдай туғызылды. Сайлау жүйесін реформалау, саяси партиялардың рөлін арттыруға бағытталған маңызды тарихи қадамдар жасалды. Қазіргі кездегі Қазақстан нағыз шын мәніндегі бірден бір президенттік-парламенттік республикаға айналып отыр. Бұл істегі Конституцияның алатын орны мен ел өміріндегі атқаратын рөлі уақыт өткен сайын тұғырлана түсіп, әлеуеті ұлан-ғайыр бола түсуде. Қазақстан мемлекеттер мен ұлттардың өркениетті ұлы күшіне қосылып, алға жарқын келешекке сеніммен қадам басуда.

Ардақ ТУКИТАЕВ,
Сарқан ауданының бас имамы.

ОРМАНДЫ ӨРТТЕН ҚОРҒАЙЫҚ!

Берлітөбе орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің аумағына 86287,0 гектар жер тиесілі. Құрақсу орманшылығы бойынша орманды күзетіп қорғау және орман өртін болдырмау үшін 1 орманшы, 3-орман шебері және 13-орман күтуші қызмет атқарады.

Қазіргі уақытта өрт қаупі өте күшті. Өсіресе, бұл кезде орман алқаптарын өрттен көздің қарашығындай сақтауға тура келеді. Ауа райының ыстық әрі құрғақ болуы орман өртінің туындауына үлкен себеп болады. Өкінішке қарай, соңғы жылдары еліміздің түрлі өңірлерінде орман өрттері жиілеп, табиғатқа және адам өміріне үлкен зиян келтіріп отыр.

Орман өрті — бұл тек ағаштардың жануы емес, сонымен қатар жануарлар әлемінің, өсімдіктердің жойылуы, ауа мен топырақтың ластануы. Сонымен қатар, өрт кезінде адамдардың өміріне қауіп төнеді, шаруашылық нысандары мен ауылдарға да залал келуі мүмкін.

Өрттің негізгі себептері — адамның немқұрайлығы мен қауіпсіздік ережелерін сақтамауы. Мысалы, орманда от жағу, темекі тұқылын тастау, қоқыс жағу, немесе жай ғана сөндірілмеген алау — үлкен өртке айналуы мүмкін.

Орманды өрттен сақтау — бәріміздің міндетіміз. Әр адам орманға шыққанда жауапкершілікпен қарап, өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауы қажет. Егер сіз өртті байқасаңыз — бірден 112 немесе 8(72843)-2-10-15 нөмірлеріне хабар беру маңызды. Табиғатты сақтау — болашақ ұрпақ алдындағы борышымыз!

С.КАНАПЬЯНОВ,

Құрақсу орманшылығының №12 айналымның орман күтушісі.

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ - БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ

Орман шаруашылығының жұмысында өрт қауіпсіздігі — бірінші кезектегі мәселе. Жоғарыдағы айтқанымыздай, ормандардағы өрттердің бәрі сыртқы себептерден болады. Әйтпесе орманның ішінде өрттің көзі жоқ. Рас, ормандардың жануы кейде найзағайдан да болады, бірақ өртті орманға негізінен адамдар әкеледі.

Орман өрттерінің болуының негізгі себептері мыналар: — сөндірілмеген шылым не сірікке; — аңшылықтың салдары. Олар атқан оқтан бықсып шөптер жанып тұтанады; — механизатор орманда өрт қауіпсіздігін сақтай бермейді. Тұтануға бейім майланған материалды тастап кетеді, техника қауіпсіздігін бұзады, көліктің жанында шылым шегеді және т.б.; — орман ішінде болған саяхатшылар, демалушылар, ауыл шаруашылығының жұмысшылары көпкен шөп, кесілген ағаш қалдықтары бар жерлерге алау жағады; — орман алаңдарына жақын жерлердегі егістің орнын жағады; — күннің сәулесі мол түсетін жерлерге шынының сынығын тастап кетеді. Ал ол жандырғыш линза тәрізді күн сәулесінен қуат алып құрғақ шөптерді тұтандырады; — орманда шаруашылық жұмыстарын (жарылғыш құралмен тамырынан жұлу, қоқысты жағу, жолдарды, электржелілерін, құбырларды салуы кезінде сақтық шараларын алмау және т.б.) дұрыс жүргізбеу салдарынан;

Орман өртін сөндіру оңай шаруа емес. Сондықтан оған жол бермеудің алғы шарттарын қатаң сақтау қажет.

А.КОПТЛЕУОВ,

Құрақсу орманшылығының 3-ші шеберлік бөлімшесінің орман шебері.

Жаңа министрліктің көкжиегі кең

Парламент палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына дәстүрлі жыл сайынғы Жолдауын жасады.

Елдің экономикалық және әлеуметтік саясатының маңызды міндеттерін айқындаған іс-шарада президент Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа министрлік құруды тапсырды.

«Қолданыстағы салалық ведомствоның негізінде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру қажет. Бұл ведомствоны вице-премьер деңгейіндегі білікті маман басқаруы тиіс», – деді Президент.

Осылайша, Мемлекет басшысы жасанды интеллект саласын дамыту мен цифрлық реформаларды жеделдетуге айрықша назар аудару керектігін атап өтті.

Мемлекет басшысы атап көрсеткендей қазір жер жүзінде болып жатқан өзгерістерге жастарымыз тез бейімделеді. Соның ішінде жасанды интеллекттің жаңа дәуірдегі орны ерекше. Осындай өскелең жастардың қатарында менің немерем де жасанды интеллект бойынша Бейжіңдегі жоғарғы оқу орнының магистратурасына түсті. Еліміздің болашағы – жаңашылдық бағыттағы білімді жастардың қолында екендігіне сеніміміз кәміл.

Жанат МҰҚАШЕВ,
Сарқан ауданының Құрметті азаматы.

Жастар әсіредіншілдікті қолдамайды

Өскелең ұрпақ үшін партиотизмнің басты көрсеткіші – жасампаздық пен жаңашылдық. Жастардың бойындағы патриотизм – болашаққа деген шынайы ұмтылыс. Бұл – қоғам санасында болып жатқан өзгерістердің айқын көрінісі.

Күні кешегі дәстүрлі Жолдауында Қасым-Жомарт Кемелұлы жастардың басым көпшілігі әсіредіншілдікті қолдамайды деп сеніммен айтты. Десе де дәстүрлі дінімізді мансұқтайтын шетелдік бағыттарға құлай берілетіндердің қарасының көбеюін біз қауіп еткеннен айтамыз. Халқымыздың салтында жоқ киім үлгілері, бет-бейнесі арқылы жат діни идеалдарды қоғамға таңуға тырысып жүргендер дәстүрлі ұғымдарымыз бен құндылықтарымызға қарсы екендіктерін кімнен жасырамыз?!

Ғылым-білімге ұмтылған, елін-жерін көркейтуді ойлаған жастарымыздың қатары мығым болсын десек отбасында, мектепте, қоғамдық орындарда желкілдеп шыққан көк шөптей жеткіншектерімізге дұрыс бағыт бере білген абзал.

Жомарт ИГІМАН,
аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында қоғамдағы көптеген мәселелерге жеке - жеке тоқталып, оны шешудің нақты жолдары ұсынылды.

Осы орайда соңғы жылдары жақсы жолға қойылған, бастамасы берекелі, жұмысы жүйелі, нақты нәтижелері бар «Таза Қазақстан» бағдарламасын айрықша атап өтуге болады. Күні кеше ғана жұртшылыққа жол тартқан Жолдауда Президентіміз «Былтырдан бері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы жүзеге асырылып жатыр, бұл баршаңызға аян. Осы жұмысқа миллиондаған азаматымыз атсалысуда.

ТАЗАЛЫҚ – ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЛАДЫ

Осындай белсенді жұмысты жалғастыра берсек, аңсаған арманымызға жетіп, Қазақстан нағыз жасыл ел болмақ. Ал бұл келешек ұрпаққа керемет үлгі-өнеге және өсиет болып қалары анық. Тазалық мәдениетін қоғамда терең орнықтыру – өте маңызды міндет. Осы бағытта Үкімет экологиялық ағарту ісінің бірыңғай үлгісін енгізуге тиіс. Бұл жұмыс мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін барлық деңгейдегі білім мекемелерін қамтуы қажет» деп нақты тапсырмалар жүктеді.

Расында да қазіргі қоғамда адамзат алдында тұрған басты міндеттердің бірі – қоршаған ортаны қорғау және тазалық мәдениетін қалыптастыру. Тазалық – тек сыртқы көрініс емес, бұл – әр

адамның ішкі мәдениетінің, санасының, жауапкершілігінің айғағы. Мәдениетті адам – өзінен кейін тазалық қалдырады. Өкінішке қарай, көп жағдайда табиғат аясына демалуға шыққан адамдар артынан қоқыс қалдырып, қоршаған ортаға зиян келтіріп кетеді. Бұл – экологиялық сауатсыздық пен жауапкершіліктің жоқтығының белгісі.

Тазалық мәдениетін қалыптастыру – ең алдымен отбасынан, балабақшадан, мектептен басталуы тиіс. Баланың бойына кішкентайынан тазалыққа деген сүйіспеншілік пен жауапкершілікті сіңірсек, ол өскенде табиғатты да, қоғамды да аялауға бейім болады.

Мұғалім ретінде оқу орындарында,

мекемелерде, аулаларда сенбіліктер өткізіп, оқушыларды, тұрғындарды тазалыққа шақыру – бұл да тәрбиелік мәні зор іс-шаралар дегім келеді. Жас ұрпаққа осы құндылықтарды үйрету арқылы біз жауапты қоғам қалыптастырамыз. Себебі мәдениетті адам тек өзіне ғана емес, өзгеге де, ортаға да зиян келтірмеуге тырысады.

Тазалық – әр адамның өмірлік ұстанымына айналуы тиіс. Бүгін жасаған жақсы ісіміз – ертеңгі жарқын болашағымыздың кепілі. Ендеше, әрқайсымыз айналамыздағы тазалыққа бейжай қарамай, үлгі бола білейік.

Х.ДУВИЕН,
Абай атындағы мектеп-гимназияның мектепалды даярлық сыныбының жетекшісі.

ДЕСТРУКТИВТІ КУЛЬТ - БІРІКТІРУ ЕМЕС, БӨЛШЕКТЕУ!

«Өшейінде қарағым еді, ит қапқан соң не сорым» деген сөз бар. Өшейінде дінмен алысып, сынықтан сылтау іздеп жүргендерге екі мұсылманның төбелесі таптырмас тақырып болды. Естігенін еселеп жеткізетіндер бірінен бірі іліп әкетіп жариялап, «Көріңдер, Ислам деген осы!» - деп жар салуда.

Омар Найям:

«Жүректің түріп құлағын, ойланып тағы қарашы.

Кімсің сен, қайда тұрағың?

Енді қайда барасың?», – деген екен.

Қай заманда, не себепті айтқанын бір Алла біледі. Дегенмен де, өзектілігін жоғалтқан жоқ. «Жүректің түріп құлағын» мен осы қайда барамын?» деп ойланғандар бар ма? Жоқ болса бірге ойланып көрелік!

Жақында мешіттің жанында бір топ жастардың «Ақи, сізге Алла разы болсын!», «Ақи, көрінбей кеттіңіз ғой» деген сөздерін естіп, әңгімелеріне құлақ түрдім. Орынды-орынсыз «Мәшалла», «Әлһамдулла», «Ақи» деген сияқты сөздерді екі-үш минуттың ішінде әрқайсысы он-он бес рет айтты.

– Жігіттер, «ақи» деген не?, – деп сұрадым.

– «Бауыр» деген сөз ғой, араб тілінде, – деді пысықтау біреуі.

Бұдан басқа да араб сөздері күнделікті тірлігімізге сыналап кіріп келе жатқаны белгілі. Мәңке бидің солтүстіктегі көршімізге еліктеуіміздің соңы:

«Орыс-қазақ қосылып,
Бір- біріне үйір болар.



Сөйткен заман кез келсе,
Түзелуі қиын болар», – дегені айна қатесіз келді ғой.

Қиын болса да түзеле бастадық па дегенде Алланың дінін алдыға тартып, араб сөздері орынды - орынсыз естіле бастады. Осылай еліктеуімізді қоймасақ, түптің түбінде мәңгірттеніп, қара тобырға айналып, ұлт ретінде жойылып кетпейміз бе?!

Ресей империясы бізді отарлау алдында елімізге көптеген саяхатшылар, миссионерлер жібергенін білеміз. Солардың бірі Ресейдің шығыстанушысы, педагог-миссионер Николай Ильминский Мәскеуге жазған бір хатында: «Қазақ деген рухы мықты халық екен. Алаш десе атқа қонады. Біз оларды ешқашан жеңе алмаймыз. Бірақ, бір жолы бар. Бұлардың даласында «сексеуіл» деген ағаш өседі. Сексеуіл балтамен жарылмайды. Сондықтан сексеуілді сексеуілге ұрып жарады. Міне, қазақтарға осы тәсілді қолдануымыз керек. Яғни, қазақты

қазақпен ұрсақ қана жеңіске жетеміз», – депті. Ол тәсілдің қалай қолданғанын, нәтижесі қалай болғанын өздеріңіз де білесіздер.

Енді «жүректің құлағын түріп» тыңдап көрейікші. Не естідіңіз? Мен сексеуілді сексеуілге ұрып жатқан дыбыстарды естідім. Сол тәсіл әлі де жалғасуда. Бүгінде бір қазақты – «жаңа

қазақ», «мәңгірт қазақ», «оралман», «шалақазақ» деп, бір мұсылманды бірнеше ағымға бөліп, бір-біріне ұрып келеді. Ру-руға бөлініп жүргеніміз өз алдына. Бір Аллаға құлшылық жасап жүріп, бір-бірімізді жақтырмайтын жағдайға жеттік. Біреудің сақалын, біреудің балағын, біреудің намаздағы тұрысын сөз қыламыз. Бірақ, бәріміз біреулердің қолындағы «сексеуіл» екендігімізге мән бермейміз. Төбелескен екі мұсылман да біреулердің қолындағы «сексеуіл». Енді сол төбелесті Құдайдан безгендер қолына «сексеуіл» етіп ұстап, мұсылман бауырларды ұрып жүр. Бар болғаны – осы!

Қашан «Жүректің түріп құлағын, ойланып бір қараймыз» сол күннен бастап. болашақ деген көштің ауған теңін түзейміз, ағайын!

Жұмахмет ЖАЙЛАУБАЕВ,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

•101 ескертеді

Сауда орындарында отқа абай болайық

Қазіргі көпшілік сауда үйлері қажет етілген өрт қауіпсіздігінің талаптарына сай болмай отыр. Ел бойынша базар, яки сауда үйлерінің, не болмаса дүкендердің жиі отқа оранатындығы жиі кездеседі. Барлық гәп оны пайдалану барысында өрт қауіпсіздік талаптарына қалыпты деңгейде мән бермеген сауда орны иесінің кемшілігінен болып отырғаны рас. Атап айтсақ, бір жағы дүкен, бір жағы қойма ретінде пайдаланылатын нысанның қойма тұсында қоқыс арналған жәшіктерге сауда нысанының қызметкерлері от қойып жүрсе керек. Өрт болған күні, желдің қатты тұрғандығына орай қоқыс жәшігіне қойылған от жанындағы қоймаға түседі. Нысанда өртті сөндіруге арналған өрт сөндіру гидрантының жоқтығы және қоймада тез жанғыш синтетикалық, плассмасалық заттар толтырылғандықтан ол сарбаздардың өртті жедел сөндіруге мүмкіншілік бермей, бірқатар кедергілерге әкелді. Осы абайсыздықтың кесірі үлкен өртке айналады.

Құрметті Сарқан ауданының сауда саласында еңбек етіп, ел экономикасының өркендеуіне септігін тигізіп жатқан, меншігінде сауда нысандары бар азаматтарға, өзіңізге тиесілі орында өртке аса сақтықпен қарап, өрттің алдын алудың барлық шараларын қарастыруларыңыздың аса қажеттігін атап өткіміз келеді.

РАХМАРОВ,
Сарқан ауданының ТЖБ бас маманы, азаматтық қорғау аға лейтенанты.



ПАЦИЕНТ ҚАУІПСІЗДІГІ – ЭРҚАЙСЫМЫЗДЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІМІЗ

Жақында Дүниежүзілік пациент қауіпсіздігі күніне орай Сарқан аудандық ауруханасының реабилитациялық орталығының базасында арнайы челлендж ұйымдастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – қоғам назарын медициналық көмек сапасы мен қауіпсіздігі мәселелеріне аудару, пациенттердің құқығын қорғаудың және балалар арасында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығын насихаттау болды. Челленджді орталықтың невролог-реабилитологы Жуванышева Милана Ринатқызы мен орталық қызметкерлері ұйымдастырды. Шараға Сарқан қаласындағы «Балдырған» балабақшасының «Еркетай» тобының бүлдіршіндері белсене қатысты.

Балалар мен медициналық қызметкерлер бірге түрлі ойындар ойнап, қауіпсіздіктің негізгі қағидаларын талқылап, шығармашылық тапсырмаларды орындады. Шара барысында қызғылт сары түс – Дүниежүзілік пациент қауіпсіздігі күнінің басты символы ретінде кеңінен қолданылды. Бұл игі бастама тұрғындар арасында оң пікір қалыптастырып, балалардың да, ересектердің де қауіпсіздік мәдениетін арттыруға ықпал етті. Іс-шара соңында қатысушылар арнайы флешмоб орындады. Ол медициналық стандартқа сәйкес қолды өңдеу ережелеріне негізделді. Себебі қолды дұрыс өңдеу – аурухана ішінде пациент қауіпсіздігін қамтамасыз етудің «алтын стандарты» болып табылады.

Сонымен бірге, бұл шара Қазақстандағы медициналық ұйымдарда сапа мен қауіпсіздікті дамытуға үлес қосып жүрген «Денсаулық сақтау сапасы жөніндегі аккредитация орталығының (ACQH)» ұлттық бастамасы аясында өтті.

Партия ЖЕҢІСХАН.

ОТАН ҚОРҒАУҒА АТТАНДЫ

Мерзімді әскери қызметке «Күз-2025» күздік шақырылым науқаны аясында ауданымыздан бір топ жас отан алдындағы борышын өтеуге аттанды. ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің қатарын толықтыратын болашақ жас сарбаздарды аудандық Қорғаныс бөлімінің алдында салттанатты түрде шығарып салу рәсімі ұйымдастырылды.



Толқынысты сәтті ашқан аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғонысов – Сарбаз болуға қадам басқан жас жігіттерді әскерге шығарып салу – әр отбасы мен ел үшін ерекше, толқытатын әрі мақтанышқа толы сәт. Құрметті жас сарбаз! Сені осы қасиетті борышыңа – Отан алдындағы парызыңды өтеуге шығарып салып тұрмыз. Бұл – әрбір азамат үшін абыройлы міндет, нағыз ер-азаматтың жолы. Сен енді ел қорғаушысысың. Бүгін сенің бойыңда тек отбасыңның емес, бүкіл халқыңның үміті мен сенімі бар. Әскерде шыңдалып, төзімділік пен тәртіптің, батылдық пен жауапкершіліктің не екенін түсінесің, – деп жылы лебізін білдірді.

Біз саған аман-есен қызмет етіп, еліңе, жеріңе абыроймен оралуыңды тілейміз. Жолың болсын, сарбаз. Елге қорған, ата-анаға мақтаныш бол. Отан сенімді қолда! Бұдан кейін сөз алған аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлім басшысы, подполковник Сәбит Аймуханов, Ауған соғысының ардагері Темірбек Шайғожанов, Тәжік-Ауған соғысының ардагері Аслан Құсайынов және шығарып салушылардың ата-аналарының осындай ыстық ықыластары бір арнаға тоғысты. Отан қорғаушыларға Сарқан ауданының Құрметті азаматы Жомарт Игіман ақ батасын берді.

Соңында барлығы тарихи сәтті таспада қалдырып, естелік суретке түсіп тарқасты.

Өз тілшіміз.

Қазақстан – көпұлтты, көптілді мемлекет. Бүгінде елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыс тату-тәтті өмір сүруде. Бұл халықтардың мәдениетін, салт-дәстүрін, тілін құрметтеу – біздің елдік ұстанымымыздың бір бөлігі. Осыған орай, Қазақстанда қыркүйек айының 5-і күні яғни, қазақ ағартушысы және ғалымы Ахмет Байтұрсыновтың туған күніне орай – Қазақстан халқының тілдері күні ретінде аталып өтеді.

Бұл күннің маңызы зор. Тіл – халықтың рухани байлығы, мәдениеті мен тарихының айнасы. Мемлекетіміздің басты байлығы – тәуелсіздік десек, сол тәуелсіздіктің тіні – ана тіліміз. Қай ұлттың болсын ана тілі – оның жүрегі, тірегі, өткені мен болашағы.

Тіл жанашырлары «Тіл – ұлттың жаны, халықтың үні» дейді. Ал қазіргі

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

таңда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік тілді дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөліп келеді. Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру – баршамыздың ортақ парызымыз.

Тілдер күні – тек қазақ тілін ғана емес, елімізде өмір сүріп жатқан барлық этностардың ана тілін құрметтейтін, олардың мәдениетіне деген құрметті арттыратын маңызды мереке. Бұл күн түрлі ұлттардың бірлігі мен достығының айғағы іспеттес.

Бүгінде елімізде мемлекеттік тілді меңгеруге бағытталған түрлі бағдарламалар жүзеге асырылып, тіл үйрену орталықтары жүйелі жұмыс істеуде. Қазақ тілінің қолдану аясы

жылдан-жылға кеңейіп келе жатқаны – қуанарлық жайт. Алайда, бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жандандыру – уақыт талабы.

Тіл – татулық пен тұрақтылықтың алтын діңгегі. Тілге деген құрмет – ұлтқа деген құрмет. Ендеше, әрбір азамат өз ана тілін ардақтап, мемлекеттік тілді меңгеруге үлес қосуы тиіс. Тілдер күні – осы құндылықтарды ұлықтайтын, бірлікті бекемдейтін мейрам. Баршаңызды Қазақстан халқының Тілдер күні мерекесімен құттықтаймыз!

С.ЕРЖАНОВ,

Сарқан ауданы тарихы музейі
қор сақтаушы.

«УЧАСКЕ» жегел- профилактикалық іс-шарасы



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

1 қыркүйек пен 1 қараша аралығында Сарқан ауданында «Учаске» жедел-профилактикалық іс-шарасы жүргізілуде.

Іс-шара барысында учаскелік полиция инспекторлары тұрғындар туралы мәліметтер алу үшін пәтерлерді және аулаларды аралайды. Азаматтарды тіркеу дерегі, сондай-ақ полиция бөлімінде профилактикалық есепте тұрған адамдардың тұрғылықты жері тексеріледі. Қандай да бір құқық бұзушылықтар мен қылмыстарға жол бермеу үшін заң аясында түсіндірме жұмыстарына, алдын алу мағлұматтарына маңызды орын беріледі. Бұл іс-шара қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылғандықтан, аудандық полиция бөлімі тұрғындар мен қонақтарды жедел алдын алу іс-шараларын өткізуге түсінікпен қарауға шақырамыз.

Қ.ҚОНАҚБАЙ,
Сарқан АПБ ЖПҚБ бастығы,
полиция майоры.

Монополияға қарсы реттеу

Қазақстан Республикасындағы бәсекелестікті қорғау саласындағы негізгі акт ҚР Кәсіпкерлік Кодексі болып табылады. Монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу — монополияға қарсы органдардың негізгі функцияларының бірі. Ол үшін заңнамада тергеу, жауапқа тарту, сондай-ақ нарық субъектілері де, мемлекеттік органдар да тарапынан бәсекелестікке қарсы іс-қимылдарды шектеу және жолын кесу шаралары көзделген.

Тергеп-тексеруді бастау үшін негіздер. Бұзушылықтарды тергеп-тексеру келесі негізде басталуы мүмкін: мемлекеттік органдардан келіп түскен материалдар; жеке және заңды тұлғалардың өтініштері; монополияға қарсы органның өзі анықтаған фактілер; бұзушылық белгілері туралы БАҚ-та жарияланымдар; нарық субъектісінің не мемлекеттік органның монополияға қарсы органның хабарламасын орындамауы.

Тергеу нәтижелері. Тергеу аяқталғаннан кейін монополияға қарсы органның лауазымды адамы қорытынды дайындайды. Оның негізінде келесі шешім қабылдануы мүмкін: тергеп-тексеруді тоқтату; әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау; бұзушылықтарды жою туралы нұсқама шығару; материалдарды құқық қорғау органдарына беру.

Әкімшілік жауапкершілік. Істерді қарауды монополияға қарсы орган немесе мамандандырылған әкімшілік соттар жүзеге асырады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Кодексі (ӘҚБТК) мынадай санкцияларды көздейді: айыппұлдар; монополияға қарсы тәжірибесі. Оның ішінде: ӘҚБТК-нің 162-бабы нұсқамаларды орындамағаны, ақпарат бермегені, тергеп-тексеруге кедергі келтіргені үшін жауапкершілік; ӘҚБТК-нің 163-бабы мемлекеттік органдар мен реттеуші функциялары бар ұйымдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттері, сондай-ақ жосықсыз бәсекелестік үшін жауапкершілік; ӘҚБТК 159-бабы: 1-б. - бәсекелестікке қарсы келісімдер; 2-б. - бәсекелестікке қарсы келісілген әрекеттер; 3, 3-1-б. - үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану. Осылайша, монополияға қарсы реттеу еділ бәсекелестікті сақтауда, бизнес пен тұтынушылардың мүдделерін қорғауда шешуші рөл атқарады.

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша Департаменті.

Завершен мониторинг деятельности квазигосударственного сектора

Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу, в соответствии с планом - графиком проведен мониторинг в отношении государственных предприятий и юридических лиц, принадлежащих местным исполнительным органам области Жетісу.

В данном мониторинге охвачено 8 субъектов квазигосударственного сектора, проверено соответствие их видов деятельности требованиям законодательства. В соответствии с нормами Предприимательского кодекса Республики Казахстан создание субъектов квазигосударственного сектора, а также расширение и (или) изменение осуществляемых видов деятельности должны осуществляться по согласованию с антимонопольным органом и занимаемые виды деятельности должны соответствовать Постановлению Правительства Республики Казахстан от 28.12.2015 года №1095.

По итогам проведенного мониторинга подготовлены и направлены соответствующие заключения в адрес субъектов квазигосударственного сектора. В целях предупреждения и устранения нарушений законодательства РК в области защиты конкуренции данный мониторинг и в дальнейшем будет проводиться в соответствии с планом-графиком.

Біз, әдетте тәрбиелі, білімді адамды мәдениетті адам деп санаймыз. Жобасы мұндай сипат маңайындағы адамдармен қарым-қатынасы жөнінен білімі, адалдығы, еңбекқорлығы, рухани келбеті тұрғысынан Жәлел ағамыз сияқты жұртшылықтың талабына сай адам деген ұғымға саяды.



Жомарт ИГІМАН

Біздің кейіпкеріміз 1950 жылы қыркүйектің 18-інде Абай ауылында дүние есігін ашқан Жәлел Болатханұлы Сасанбаев ерте есейгендердің, ерте қалыптасқандардың, еңбекпен есейгендердің, сол еңбектің нәтижесінде өсіп – өркендеп, өзін-өзі жетілдірген, көптің қамын, елдің мүддесін ойлайтын зиялы адамдар қатарында. Өмірде өз орнын табу үшін әрбір адамның өз мамандығы болуы тиісті екендігін ерте сезінді. Өмір оркестрінде өзіне лайық аспапқа ие болуды армандады. Сол арманына жетті де.

Құдай пейіліне береді дейді атам қазақ. Жәлел Болатханұлының айнала-сына абыройлы, төңірегіне танымал болуы адал пейілінен болар. Міне, жетпіс беске де желіп жетті, алды - артын шолып қараса ұялмайтын, қызармайтын өмір кешіп келеді екен. Ыждахаты мен ықыласы бек жарасқан осы азаматты тонның ішкі бауындай жақын тұтып араласқаныма жиырма жылдан асыпты. Қашан да бірқалыпты. Арнасынан аспайды, таспайды, ойланбай оқыс қадамға баспайды.

Жәкең үнемі ізденіп, көпті біліп, кеңінен толғап, қай жағдайда болса да қызғылықты пікір алысуға дайын тұратын адамдар сапында. Мұндай адамдар не тым – тырыс үндемей, не өзі әбден жетік мамандығының ғана мүдделерін қайта – қайта әңгіме етіп, жанындағы адамды ығыр етпейді. Мұндай адам әрі сүйсіне, әрі сүйсіндіре әңгімелеседі, пікірлесушімен рухани сабақтас, дидарлас бола біледі. Осы тұрғыдан алғанда Жәлел ағамыз әрі өз саласының үздігі, әрі әңгімеші, әрі әнші, қоғамның қай саласынан болса да хабардар, сезімі жүйрік, санасы айқын азамат.

Бірде ұзақ жолға бірге шыққанымыз бар. Сапарласыңның қазымыр емес қазына болғанына не жетсін, шіркін! Жол ойға нәр берер әдемі әңгімелермен жалғасты. Жоқ-барды теріп, күйкі тірлікті әуезе қылған мәнсіз әңгіме емес. Бала кезден бастан өткен тағылымды оқиғалар жарасымды қалыппен өрімін тауып, жолды да қысқартты, жанымызды да байытты. Кейіннен жазылған бірқатар туындыларыма аға досымыз айтқан әңгімелер арқау болғаны анық.

Жәлел ағамыз Сарқан ауданының Абай ауылында туғанымен 1952-1963 жылдары нағашы атасы Болатханның қолында Қарашыған ауылында өсіп жетілді. Екі жасынан бастап осынау құмды өңірдің төл перзентіндей болып ер жетті де орта мектепті Сарқаннан бітіріп, мектептен соң 1968-1971 жылдар аралығында Құрақсуда трактор айдап, маңдай тердің қадірін біліп, азамат болып қалыптасты.

-Лепсі өзенінің жағалауында ағаштан салынған платина болатын. Жергілікті жұрт қара дамбы деп атайтын осы жерден бау-бақшалыққа су бөлінетін. Лепсінің табан-сазан, алабұға сынды балықтары көктемде бөлініп қалған суда құртша қайнап, сол өңір тұрғындарының несібесіне айналатын. Біз де бала болсақ та өзенді жалдап жүріп ұстаған балығымызды үйімізге өзер жеткізетінбіз, - деп еске алады еңбекпен өрілген бала күндерін Жәлел Болатханұлы. -Бау-бақшалықта Керн, Садуақасов және Сара Тыныштығұлованың әкесі Өрдембек ақсақалдың учаскелерінде қырыққабат, картоп, қауын-қарбыз өсетін де оқушылар және Балқаш қаласындағы кәсіптік техникалық училищенің курсанттары жаз бойы шөптен тазартып, жалақы алатын. Өнімді күзде Балқаш көлімен Баржа арқылы Балқаш қаласына



Жығар Желдей есегі

жеткізетін. Бақшалықтан Қарашығандағы айлаққа дейін көкөністі ЗИЛ-164 машинасымен тасымалдайтыны есімде. Сонымен қатар бұл өңірден Молибден кені шығып жер бетінен аршып алынып, Балқаш зауытына тасымалданатын. Кеніште Белоруссияның МАЗ-200 және Чехословакияның ТАТРА маркалы машиналарын жүгендеген жергілікті азаматтар жүргізуші болды.

Сасанбаев Жәлел Болатханұлының ұзақ жыл аудандық жолаушылар тасымалдау кәсіпорнын басқарып, ана жылдардағы қиын кезеңде де ұжымын шашау шығармай табандылықпен жұмыс жүргізгенін, соның нәтижесінде көршілес екі аудан - Ақсу мен Сарқанның халқына қалтқысыз қызмет атқаруға ұмтылуын бағаламасқа бола ма? Данышпан Абайдың «Сүйер ұлың болса сен сүй, сүйенерге жарар ол» деген толғанысы адал да әкпейіл азаматтарға қарата айтылған - ау, сірә. Кезінде «Алтын кітап» редакциясынан жарық көрген «Қазақстанның транспорты мен байланысы» атты суретті кітапта Жәлел Сасанбаев басқарып отырған ұжым тынысы жан – жақты баяндалыпты.

Жүйелі де байыпты басшылықтың арқасында жұмысы жолға қойылған «Қанатжан и Ко» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі туралы айтар әңгіме аз емес. Сарқан жүк және жолаушылар тасымалдау кәсіпорнының іргетасы 1956 жылы құрылған болатын. Ал 1972 жылы уақыт талабына сәйкес Сарқан жолаушылар тасымалдау кәсіпорны болып жекеге бөлінді. Жарты ғасырдан астам тарихында бұл кәсіпорын да сан түрлі кезеңдерді бастан өткергені мәлім.

Жәлел Болатханұлы 1975 жылы Шымкент автотехникумының автомобильдерді пайдалану факультетін тәмамдап, Сарқан автобус паркіне жұмысқа орналасқанда Қазақ ССР - нің автомобильдер транспортына еңбегі сіңген қайраткері Исабеков Қанатжан Құспанұлының жетекшілігімен осынау күрделі де жауапты салаға белсене араласты. 1997 жылы осы ұжымға басшы болып тағайындалған ол кәсіпорынды алға сүйреп келеді. Әсіресе, нарықты экономикаға қадам басқан алғашқы жылдары еліміз өткерген қиындықтар бұл кәсіпорынды да айналып өткен жоқ. Сондай қиындықтар тұсында бұл мекеме шаруашылығының туралауына Сасанбаев Жәлел Болатханұлы жол бермеді. Турасын айтқанда, 1990 - шы жылдары белең алған тоқырау жылдарында мекемені талан-таражға түсірмей, жолаушылар тасымалдайтын кәсіпорынды

сақтап қалды. Сонымен қатар уақыттың қиын кезеңінде әбден тозығы жеткен жолаушылар тасымалдайтын Сарқан жолаушылар тасымалдау кәсіпорны Жәкеңнің еңбекқорлығы мен іскерлігінің арқасында қызмет сапасын талап деңгейіне көтерді. 1975 жылдан өзі жұмыс істейтін жолаушылар тасымалдау кәсіпорнының күні бүгінге дейін толыққанды жұмыс істеу мүмкіндіктерін үздіксіз дамытып келеді.

Осылайша ел экономикасының іргесін нығайтуға белсене атсалысып жүрген Жәлел Болатханұлының әр қимылынан іскерлік пен жігерлілік байқалады. Адам алдына мақсат қойып, оған жету жолында талмай еңбек етсе алмайтын қамалы болмайды. Жұмыс барысындағы қиыншылықтар мен тығырықтарды тайсалмай төзімділікпен еңбек ете білген адам ғана жеңіп шығатыны анық. Жәлел Болатханұлының қолдауымен 2003 жылдан бастап аталмыш кәсіпорын «Қанатжан и Ко» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылды. Кәсіпорын ғимаратында электрмен дәнекерлеу, электрлі құрыл-ғыларды жөндеу, аккумулятор, блок, гильза жону цехтары автокәсіпорын техникаларына қызмет көрсету жұмыстарын қамтиды. Қазіргі кезде қалааралық Сарқан-Алматы, Сарқан-Талдықорған, Қарғалы-Алматы бағыттары комфортабельдік автобустармен толығымен қамтылды деуге негіз бар. Мұнда үлкен 11 жайлы (комфортабельдік) автобус, шағын автобустар бар. Сонымен қатар Сарқан және Ақсу аудандарының қорғаныс бөлімдерінің тапсырыстары бойынша көктемгі, күзгі әскерге алыну кезінде, осы аудандардың оқу бөлімдерінің тапсырыстары бойынша қысқы олимпиадалары және ұлттық бірыңғай тестілеу кезінде оқушыларды дер кезінде жеткізу ойдағыдай орындалып келеді.

Жәлел Болатханұлы бастаған кәсіпорынның экономикалық көрсеткіштері жылдан жылға артып келеді. Мекеме игілігі үшін таудай істі еңсеруге даяр басшы жұмысының өрлей беретіндігіне әріптестері де сенімді.

Жәлел Сасанбаев үлгілі отбасы иесі. Зайыбы Гүлпариза екеуі төрт баладан тоғыз немере сүйіп, құда - жежжатары арқылы өрісін кеңейтіп келеді. Гүлпариза Төребекқызы осы мекеменің бас есепшісі, отағасы екеуі қызметті бірге бастап, кәсіпорынның да, отбасының да күнгей - көлеңкесін бірге көріп, бірге егделеніп келеді. Егіз қыздары Гүлмира мен Эльмира Алматы құрылыс академиясының экономика факультетін тәмамдаған.

Гүлнара шет тіл институтының ағылшын факультетінің, Мәскеудегі Ломоносов атындағы университеттің экономика және стратегия факультетінің түлегі. Күйеу балалары Асқар мен Ильнурдың өмірде өзіндік орындары бар. Ал ұлдары Мақсат болса Алматы Көлік Академиясының түлегі, бүгінде құрылыс компаниясын басқарады. Мақсат пен Адина ата-анасын қылықты перзенттермен қуанытып, әкесінің ізін жалғастыруда.

Жәлел Болатханұлы екі мәрте аудандық мәслихаттың депутаты ретінде №5 Кооператив сайлау округі сайлаушыларының еркін білдіріп, сайлаушылардың аманаттарын іске асыру үшін қоғамдық жұмысқа да белсене араласты.

Ұзақ жылғы Жәкеңнің еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Ол «ҚР Тәуелсіздігіне – 20, 25 жыл», «ҚР Мәслихатына – 20 жыл», «Еңбек ардагері» медальдарының, «Құрметті автокөлікші» төсбелгісінің, «Экономика мақтанышы» орденінің иегері, Сарқан ауданының Құрметті азаматы.

Туған өлкесінің таңы арайлы, әрбір күні берекелі болуына тынбай үлес қосып жүрген Жәлел Сасанбаев сынды айтулы азаматтардан үлгі алатын жас буын сапы нығая бергей!

Сыйластық жырын айтар кеш гүлеген, Сөз алдым мен ерекше екпінменен. Бұл тойда айқын көзге көрініп тұр, Махаббат елу жылда ескірмеген.

Қағып ап ақын - шабыт жыр етті оны, Әкелдім өлеңімді тілек толы. Алтын той атына сай өмір сыйы, Елу жыл бірге соққан жүрек тойы.

Шашылып шартарапқа нұр шуағы, Қалауын тапқан жандар құлпырады. Алтын той атына сай өмір сыйы, Жәкең мен Гуля жеңгей ынтымағы.

Сұлуды таңдап жүріп алған ағам, Бұл тойда 75 - ке толған ағам. Алтын той атына сай өмір сыйы, Алтындай балалары қаумалаған.

Жақ беріп Жаратушым жақтасқасын, Ақ тілек өлең болып асқақтасын. Алтын той атына сай өмір сыйы, Пейіліңді, жақсы адамдар, тот баспасын!!!

Айналған ісі аңызға, әні аңызға, Осындай өнерлі жұп табамыз ба? Алла ұзақ ғұмыр берсін жеңешем мен, Болатханұлы Жәлел ағамызға!!!

Конкурса шығарылатын, ауыл шаруашылық мақсаттағы жер учаскелерінің тізімі

№	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Ауыл шаруашылық мақсаты	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық мақсаты	Төменгі аумақтық мақсаты	Бас аумақтық мақсаты	Сұрып аумақтық мақсаты	Оңтүстік аумақтық мақсаты	Қазан аумағы
1	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы
2	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы
3	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы
4	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы
5	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы
6	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы
7	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы
8	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы
9	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы
10	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы
11	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы
12	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы
13	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы
14	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы	Жер учаскесінің аумақтық аумағы

Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс жариялау туралы хабарлама

Жетісу облысы, Сарқан ауданы әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланған соң 15 күнтізбелік күннен кейін, 10 жұмыс күні ішінде, 29 қыркүйектен 10 қазанға дейін қабылданады. Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тынышбаев көшесі № 8, Сарқан ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2025 жылдың 10 қазан айының 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурсның өтінімдер салынған конверттер 2025 жылдың 13 қазан күні 10 сағат 00 минутта мына-мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі №111, аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде: 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер; 2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер; 3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері; 4) конкурстық ұсыныс; 5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурсның ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет: 1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны); 2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер; 3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының өгіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурсның ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурсның ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырасам бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурсның ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурсның ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және " жылғы _____ " _____ " дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72839) 2-16-72, 2-17-93 телефон арқылы хабарласуға болады.

Сарқан ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі.

Перечень земельных участков сельскохозяйственного назначения, выставляемых на конкурс

№	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя
1	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя
2	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя
3	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя
4	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя
5	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя
6	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя
7	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя
8	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя
9	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя
10	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя
11	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя
12	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя
13	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя
14	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя	Имя заявителя

Извещение о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственноо производства

Сарканский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа № 518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Саркан» и интернет-ресурсе Акимата Сарканского района объявляет о проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 15 календарных дней после публикации, в течении 10 рабочих дней; с 29 сентября по 10 октября, по адресу: (область Жетісу, Сарканский район, г. Саркан, улица Тынышбаева №8,) в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношенийСарканскогорайона.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается: 10 октября 2025 года, в 18 часов 30 минут.

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена 13 октября 2025 года в 10 часов 00 минут (область Жетісу, Сарканский район, г. Саркан, улица Тауелсіздік №111) в большом зале районного акимата Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя,для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя; местоположение земельного участка, на который претендует заявитель; конкурсное предложение; обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственноо производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест); обязательства по составлению и освоению проекта внутрхозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры; обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: " _____ " _____ года" (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72839) 2-17-93, 2-16-72 (районное управление земельных отношений).

Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Сарканского района.

Сен туған күн, мерекеліен!



Аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы, Сарқан ауданының Құрметті азаматы **Жанасбеков Қадыл Тұрысбекұлы**н қыркүйектің 14-інші жұлдызы күнгі туған күнімен - 80 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз! Мерейтойыңызда өзіңізге деген шынайы ыстық ықыласымыз бен ақ тілегімізді ақтара отырып, 80 жасыңызда біз сіздің күш-қуатыңыз бен төзімділігіңізге тәнті болып, алдағы жылдар сізге берекесі мен мерекесін, қуанышы мен шаттығын ала келсін дейміз. Сіз осы кемелдікке тың жігер, жарқын көңілмен келіп, бүгінде өркен жайған алып бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, арқа сүйері болып отырсыз.

Өміріңіз ұрпаққа өнеге мың,
Тілейміз қуанышқа бөленгенін.
Жүзге келіп, марқайып отырыңыз,
Қылығына қуанып шөберенің.

Құрметпен: Темірбек ШАЙҒОЖАНОВ,

Ауған соғысы, локальді соғыс ардагерлері ұйымының төрағасы.

Сарқан ауданының Құрметті азаматы, «Қанатжан и Ко» ЖШС директоры **Сасанбаев Жәлел Болатханұлы**н 75 жасқа толуымен және асыл жар, ардақты ана, аяулы әже осы әулеттің алтын діңгегі **Гүлпариза Төребекқызы** екеуінің Алтын тойымен шын жүректен құттықтап отбасылық баянды бақыт, шаңырағына шаттық тілейміз.



Ақсақалдық - абыз болған шағыңыз,
Ақылгөйлік сіздің алтын тағыңыз.
Алтын тойың Гауһар тойға жалғассын,
Мерейтойымен құттықтаймыз тағы біз!

Ізгі тілекпен: «Қанатжан и Ко» ЖШС ұжымы.



Туған ауылға тағзым

Сарқан ауданының Көкжиде ауылында Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналып обелиск тақта орнатылғанын газетіміздің өткен нөмірінде жария еткенбіз. Туған ауылына аға буынға арналған ескерткішті сый етіп ұсынған осы ауылдың түлегі **Мұрат Иманқұловқа** ел-жұртының алғысы шексіз. Сонымен қатар туған жеріне тағзым етіп, жастарға қолдау көрсетуді мақсат еткен белгілі кәсіпкер ауылға жаңа футбол алаңын салып беріп, турнир ұйымдастырған болатын. Бұл шара ауыл жастарының бос уақытын тиімді өткізуіне, саламатты өмір салтын ұстануына мүмкіндік жасап қана қоймай, олардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыра түсті.

Турнирге Сарқан ауданының бірнеше ауылынан бөлек, Алматы және Талдықорған қалаларынан келген жас спортшылар қатысты. Таңғы алакеуімнен басталған тартысты ойын түн жарымға дейін жалғасты. Шеберліктерін паш еткен жасөспірімдер әдемі ойын өрнегін көрсетті.

— Осындай турнирлер арқылы біз ауылдан түлеп ұшатын дарынды жастарды тани аламыз. Болашақта республикалық, тіпті халықаралық деңгейде ел намысын қорғайтын азаматтар өсіп келеді. Мен әрқашан спортқа қолдау көрсетуге дайынмын. Жастардың қуанышы — біздің қуанышымыз. Стадион салынғалы бері ауылдың балалары күндіз-түні осында доп тебеді. Оларды көргенде өзім де ерекше рухтанып, шабыт аламын, — деді демеуші **Мұрат Иманқұлов**.

Турнир Көкжиде ауылының спортын дамытуға сүбелі үлес қосқан азаматтар — **Сәрсенғали Иманғали** мен **Санат Долаевті** еске алуға арналды. Ауыл халқы марқұмдардың рухына Құран бағыштап, ас берді.

Ала допты қуған 12 команда 16 сағат бойы бас жүлдені сарапқа салды. Ақтық ойында алматылық «Берлі» мен талдықорғандық «Сұңқар» кездессе,

3-орынға Матай мен Лепсі ауылдарының жастары таласты. Бас төреші **Мұрат Садыбаевтың** айтуынша, мұндай турнирлер ауыл спортына үлкен серпін береді.

Нәтижесінде бас бәйгені «Берлі» командасы жеңіп алып, ауыспалы кубокпен бірге 500 мың теңге сыйақыға ие болды. Күміс жүлде «Сұңқарға», қола медаль Матай жастарына бұйырды.

«Үздік ойыншы атағы» матайлық Алтай Оразханға табыс етілсе, «Үздік сұрмерген» номинациясы «Сұңқар» сапындағы **Жанабек Балғабековке** бұйырды. Турнир спорттық қуанышпен шектелмей, тарихи тағылымға да толы болды. Ауыл тұрғындары Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан боздақтарға арналған ескерткіш тақта орнатылғанын мақтанышпен атады. Жанына келіп, жазуына үңілсеңіз мынадай жазуға тап боласыз.

«Бірі майдан даласынан келмеді,
Бірі оралып, елге сіңді еңбегі.
Бірі тылда ауыр жұмыс арқалап,
Жүрсе-дағы үміт оты сөнбеді.
Тағзым саған, Көкжидемнің ерлері!».

Жүрекке жететін осы өлең жолдары ауылдың жас буынына бейбіт өмірдің қадірін сездіріп, елге адал қызмет етудің үлгісі екенін көрсетеді.

Турнир соңында ауыл жастары демеушіге алғысын білдіріп, осындай шаралардың дәстүрлі түрде жалғасуын тіледі. Кәсіпкердің өзі де игі істі алдағы уақытта тұрақты түрде қолға алатынын айтты.

Бұл бастама — ауыл спортының дамуына, жас буынның бойына патриоттық рух пен жігер дарытуға арналған үлкен қадам.

Айта кетерлігі, Көкжидеде дәстүрлі футбол турнирі жыл сайын өтетін болады. Егер келесі жылғы жарысқа қатысуды қаласаңыздар, ұйымдастырушы Қайрат мырзаға хабарласуларыңызды сұраймыз. Байланыс нөмірі: +7 777 375 7707.

Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ – ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай жуырда Сарқан аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ұйымдастыруымен болашақ сайлаушылар арасында аудандық сайлау диктанты өтті. «Ата Заң мен сайлау жүйесі - елдің тұтастығы» атты диктант жазудан байқауға №1 мектеп-гимназияның жоғарғы сынып оқушылары белсене қатысып, сауаттылықтарын, жазу мәнерін паш етті.

Сондай-ақ Сарқан политехникалық колледж студенттерімен жас және болашақ сайлаушылар үшін сайлау квестері, іскерлік және зияткерлік ойындар, пікірталастар ұйымдастырылды.



Жастар алдында Сарқан аудандық сайлау комиссиясының төрағасы **Мұратбек Естеуов** сөз сөйлеп, «Жас сайлаушылар – ел болашағы» тақырыбында мағыналы әңгіме өрбітті.

Жастарды саяси сауатты, белсенді болуға шақырған **Мұратбек Қасымбекұлы** -

Тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағы – жастардың қолында. Қоғамның белсенді мүшесі ретінде жастар ел өміріндегі саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге тікелей әсер ете алады. Соның бір көрінісі – сайлау процесіне қатысу, яғни өз дауысын беру арқылы елдің ертеңіне үлес қосу. Сайлау – халық пен билік арасындағы алтын көпір. Демократиялық қоғамда әрбір азаматтың дауысы маңызды. Ал жастар – қоғамның ең сергек, жалынды бөлігі. Олардың ойы, пікірі, таңдау еркіндігі – өзгерістің қозғаушы күші. Сондықтан да жас сайлаушылардың саяси сауатты, белсенді болуы – мемлекеттің дамуының басты алғышарты, - деді.

Жастардың сайлаудағы рөлі мен азаматтық белсенділігін насихаттауға арналған шаралар осылайша мазмұнды түйінделді.

Өз тілшіміз.

БАБА ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛУДА

Ардақты ағайын! Биыл қыркүйектің 20-сында шартарапқа шипагерлігімен аян болған Көтен Тәуіп бабамыздың кесенесінде Әулие Көтен Тәуіп Қоңырбайұлының рухына арналып ас беріледі. Сарқан қаласындағы бабамыздың ұрпақтары атынан берілетін асқа осы өңірде туған азаматтар ат салысып, ортақ қорға үлестерін қосуда.

Ауқымды іс – шараға қолдау білдіремін деген аға-бауырларымыз 8702 379 26 57 (Алибек Е) нөмеріндегі каспиге әркімнің шама-шарқынша қаржыларын аударуына болады.

Ұйымдастыру тобы.

Хабарландыру

► Дуамбеков Калдыкен Ташимовичтің атына тіркелген 44 DG 05 мемлекеттік тіркеу нөмірлі мотоциклдың техникалық куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► Онгарбек Жандос Айдынұлының атына тіркелген BC1 санатты, №BU 117853 нөмірлі жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.